

**Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі  
«M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti»**

**ШОРТАБАЙ КАМИЛА АМАНТАЙҚЫЗЫ**

**Шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық реттелуі**

7M04211 – «Құқықтану» оқу бағдарламасы

**Заң ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алуға арналған  
диссертация**

**Нұр-Сұлтан, 2022**

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі  
«М.С. Нарикбаев атындағы KAZGUU Университеті»

«Қорғауға жіберіледі»  
Бағдарлама жетекшісі/координаторы

*Бадияман Е.С.*

«1» Маусым 2022 ж.

### МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Тақырыбы: «Шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық реттелуі»

7М04211 – «Құқықтану» оқу бағдарламасы

Орындаған:



К.А. Шортабай

Ғылыми жетекші:

Ph.D М.А. Естемиров

Нұр-Сұлтан, 2022

БЕКІТЕМІН  
Бағдарлама жетекшісі/координаторы

*Бағдарлама Е.А.*  
«10» *сәуір* 2022 ж.

**Магистрлік диссертацияны орындау бойынша күнтізбелік жоспар**

Жоба кезеңдерінің атауы	Мерзімі	Жобаның кезеңдерін іске асыру туралы белгі			
		Нақты орындау мерзімі	Жобаның орындалған кезеңінің дайындық дәрежесі	Магистранттың (магистранттардың) қолы	Ғылыми жетекшінің (Ғылыми жетекшілердің) қолы
Әдебиет пен тәжірибелік материалдарға шолуды жүзеге асыру	01.11.2020	01.11.2020	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>
Әдіснаманы әзірлеу	02.12.2020	02.12.2020	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>
Деректерді жинау және өңдеу	02.12.2020-18.12.2021	14.12.2021	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>
Нәтижелерді талдау және түсіндіру	19.03.2022	19.03.2022	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>
Жоба бойынша ұсынымдар әзірлеу	29.03.2022	29.03.2022	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>
Кіріспе мен қорытынды дайындау	14.02.2021-03.03.2021	02.03.2021	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>
Диссертацияны (жобаны) рәсімдеу: Жобаның 1 бөлімін дайындау	05.03.2021-01.09.2021	29.08.2021	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>
Жобаның 2 бөлімін дайындау	11.09.2021-31.01.2021	31.01.2021	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>
Ғылыми жетекшінің (Ғылыми жетекшілердің) пікірін алу	09.06.2022	09.06.2022	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>
Баяндама, көрнекі құралдар мен презентациялар дайындау	10.06.2022	10.06.2022	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>
Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау	16.06.2022	16.06.2022	100%	<i>Аманжол</i>	<i>Е.А.</i>

Магистрлік диссертацияның (жобаның) Ғылыми жетекші

*Е.А.*  
(Аты-жөні, лақауы және қолы)

Жоспар орындалуға қабылданды

*Шермабаев К.А.*

(Аты-жөні, магистранттың қолы)

<b>Мазмұны</b>	
<b>Белгілеулер мен қысқартулар тізімі</b> .....	<b>4</b>
<b>Кіріспе</b> .....	<b>5</b>
<b>1– БӨЛІМ. ШАРТТЫ ОРЫНДАУДАН БІРЖАҚТЫ БАС ТАРТУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ</b> .....	<b>9</b>
1.1. Шартты орындаудан біржақты бас тарту - шартты бұзу және өзгерту негізі ретінде.....	9
1.2. Шартты орындаудан біржақты бас тарту - біржақты мәміле ретінде.....	16
1.3. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың азаматтық құқықтық қорғау жүйесімен ара қатынасы .....	21
<b>Тұжырым А</b> .....	<b>25</b>
<b>2– БӨЛІМ. ШАРТТЫ ОРЫНДАУДАН БІРЖАҚТЫ БАС ТАРТУДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНЫСЫ</b> .....	<b>26</b>
2.1. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың жалпы негіздері ..	26
2.1.1. Шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмаған жағдайда шарттан бас тарту .....	29
2.1.2. Белгіленген тәртіппен екінші тарапты банкрот деп таныған жағдайда шарттан бас тарту .....	32
2.1.3. Мемлекеттік органның актісі өзгертілген немесе күші жойылған жағдайда шарттан бас тарту .....	37
2.2. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың арнайы негіздері ..	39
2.3. Шартты орындаудан біржақты бас тартуды жүзеге асырудың тәртібі.....	44
2.4. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың салдары.....	48
2.5. Шартты орындаудан біржақты бас тартуың шетел тәжірибесіндегі көрінісі .....	51
<b>Тұжырым Б</b> .....	<b>55</b>
<b>Қорытынды</b> .....	<b>56</b>
<b>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі</b> .....	<b>59</b>

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

**АҚ**- Акционерлік қоғам

**ҚР АҚ**- Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 268- ХІІІ Азаматтық кодексі

**ЖК** – Жеке кәсіпкер

**ДК** – Дара кәсіпкер

**ММ** – Мемлекеттік мекеме

**ЖШС** – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

**МАЭС** – Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот

**РФ** – Ресей Федерациясы

**ГФР**- Герман Федеративтік Республикасы

**ШҚО** – Шығыс Қазақстан облысы

## Кіріспе

Ұсынылып отырған магистрлік диссертация нарықтық экономика үшін аса маңызды болып табылатын құқықтық құбылыстардың бірі – шартты орындаудан біржақты бас тартуға арналған. Азаматтық құқықтағы шарттар - нарықтық экономиканы жетелеуші, жетілдіруші және өзгертуші күш болып табылады. Экономиканы дұрыс бағытта дамыта білу үшін, шарттық қатынастардағы тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет. Біз экономикадағы тұрақтылыққа көбінесе шарттық қатынастарды іске асыратын тәртіпті сақтау арқылы қол жеткіземіз. Дегенмен, шарттық қатынастар саласындағы даму, орын алған шарттық қатынастарды бұзу немесе айтарлықтай өзгерту арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Экономика шындықтарының бірі - айналым субъектілерінің өздері үшін пайда табу мақсатында кей жағдайда шарттық қатынастардан уақытылы шығуға, яғни оларды тоқтатуға деген ұмтылыспен ерекшеленеді. Заң шығарушы шарттық қатынастардың реттеушісі бола тұрып, азаматтық құқық субъектілерінің шарттық қатынастардан уақытылы әрі тиімді шығуға деген ұмтылысын ескеруі қажет. Себебі, заң шығарушының алдында әрқашан да азаматтық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз ету міндеті тұр. Шарттық қатынастарды тұрақты сақтап қалу, дегенмен тараптар үшін ондай іс-әрекет тиімді болған жағдайда ондай шарттық қатынастарды тоқтата білу тенденцияларының арасындағы тепе-теңдікті (балансты) табу қажеттілігі шарттық қатынастардан біржақты тәртіпте бас тарту ережелерін әзірлеудің үлкен күрделілігін анықтайды.

**Магистрлік диссертацияның өзектілігі:** Нарықтық экономиканың жедел қарқынмен дамуы шарттық қатынастарды бұзу және өзгерту тәртіптерінің дәл сол қарқынмен даму қажеттілігі жайлы байламға жетелейді. Бұл жағдайда, шарттық қатынастарды тоқтатудың соттан тыс тәртіпте жүзеге асырылатын түрі – шартты орындаудан біржақты бас тарту институты аса маңызды орын алады.

Шартты тараптардың келісімі бойынша бұзуда, шарт тараптарының ондай қатынастарды тоқтатуға деген өзара ынтасы мен ниеті болады. Сондықтан мұндай қарым-қатынастар айрықша құқықтық реттеуді талап етпейді. Ал, шарт тараптардың бірінің бастамасымен бұзылған кезде, екінші тараптың қарсылығы болуына қарамастан шарттық қатынастардың тоқтатылуы орын алады. Бұл жағдайда шарт тараптарының арасында мүдделер қақтығысы орын алып, заң шығарушы тарапынан тиісінше реттелуді талап етеді.

Шартты орындаудан біржақты бас тартуды қолданудың бірнеше өзекті аспектілері бар:

1) Шарттық қатынастардың тұрақтылығы мен шарттық қатынастарды уақытылы тоқтату арасындағы тепе-теңділікті сақтау;

2) Бұл әдісті қолдану барысында мүдделі тараптардың құқықтарын бұзу ықтималдығы жоғары болады.

Осы себепті де, шартты орындаудан біржақты бас тарту конструкциясы байыпты теориялық және тәжірибелік зерттеуді талап етеді.

**Зерттеудің объектісі:** Шартты орындаудан біржақты бас тартуды реттейтін азаматтық-құқықтық нормалар, ережелер.

**Зерттеудің пәні:** Шартты орындаудан біржақты бас тарту тәртібі мен ерекшеліктерін реттейтін азаматтық-құқықтық нормалардың жиынтығы.

**Магистрлік диссертацияның мақсаты:** Азаматтық құқықтағы шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық табиғатын, тәжірибелік қолданысы, негіздері мен шынайы көрінісіне кешенді зерттеу жұмысын жүргізу. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін магистрлік диссертация шеңберінде келесі **міндеттер анықталды:**

- Шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық табиғаты мен доктринадағы көрінісін анықтау;
- Шартты орындаудан біржақты бас тартудың отандық заңнамада қарастырылған негіздеріне мейлінше, терең бойлап талдау жүргізу;
- Бұл конструкцияның отандық тәжірибедегі қолданысына талдау жасап көкейкесті өзекті тұстарын анықтау;
- Диссертация тақырыбы аясында шетелдік авторлардың һәм шетел заңнамасына талдау жасап, отандық заңнамамен ара қатынасына баға беру.

**Зерттеудің теориялық негізі:** Диссертацияның тақырыбына қатысты Қазақстан Республикасының құқықтанушы ғалымдарының еңбектері мен оқулықтары және жақын көршілес ел болып табылатын Ресей Федерациясының авторларының еңбектері негізге алынды. Оның ішінде, Ю.Г. Басин, М.К.Сүлейменов, К.В. Мукашева, М.И. Брагинский, В.В. Витрянский, А.Г.Карапетов, Е.А. Суханов, М.А. Егорова, К. С. Безик, К.В. Мукашева, Р. С. Бевзенко еңбектері және тағы да басқа азаматтық құқықтың жалпы теориясы және салалас құқықтар бойынша оқулықтар зерттеудің теориялық негізін қалады.

**Зерттеудің нормативтік негізі:** Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі.

**Зерттеудің тәжірибелік негізі:** Отандық сот тәжірибесінің шартты орындаудан біржақты бас тарту мәселеліріне қатысты сот актілері.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңызы:** Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексінің, шартты орындаудан біржақты бас тартуды реттейтін

нормалардың жетілдіру және аталған институттың отандық доктриналық негізін қалау. Қазақстандық және шетел тәжірибесіндегі және теориялық қолданыстағы тенденцияларды ескере отырып, шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы нормалардың қолдану шегін ұлғайтып, ондай қолдануды жеңілдете түсіретін түсіндірме беруді ұсыну.

### **Қорғауға шығарылатын ережелер:**

1. Шартты орындаудан біржақты бас тарту мен шартты бұзу, шарттық қатынастарды тоқтатудың әр түрлі тәртібін қамтитын негіздер. Дегенмен, отандық тәжірибеде «шартты бұзу» және «шартты орындаудан біржақты бас тарту» терминдері мен институттарының қолданылуында туындайтын түсініспеушіліктердің көзі анықталды;

2. ҚР-ның Азаматтық заңнамасымен шартты орындаудан біржақты бас тартудың жалпы және арнайы негіздері көзделген. Алайда, соттар шартты орындаудан біржақты бас тартуға мүдделі тұлғаның іс-әрекетінің заңдылығын анықтау барысында, ондай бас тартуға жалпы негіздердің болмауын басшылыққа ала отырып, заңсыз деп таниды. Бұл орайда, шартты орындаудан біржақты бас тартудың ҚР АҚ-нің ерекше бөлімімен немесе өзге де заң актілерімен көзделген арнайы негіздері ескерілмейді. Аталған мәселе, өз кезегінде шарттан бас тартуға уәкілетті тұлғаның шарттан бас тарту құқығының шектелуіне әкеледі;

3. ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 2-тармақшасымен шарт тараптарының бірі банкрот деп танылған жағдайда, тараптардың шарттан бас тарту құқығы көзделген. ҚР Азаматтық және банкроттық заңнамасының коданысына талдау жасау барысында жоғарыда көзделген шартты орындаудан біржақты бас тарту құқығы, шарт бойынша банкрот болып танылған тараптың контрагентімен қатар, банкрот деп танылған тарапқа да таралатын құқық болып табылады деген тұжырымға келдік;

4. Отандық заңнамамен шартты орындаудан біржақты бас тартуды жүзеге асырудың тәртібі реттелмеген. Дегенмен, біз зерттеу барысында шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламаның тиісті түрде рәсімделуі, ондай іс-әрекеттің заңдылығына әсер етеді деген қорытындыға келдік. Сонымен бірге, шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламаның тиісті түрде рәсімделуін ерекшелейтін белгілер анықталды.

Жоғарыда келтірілген қорғауға шығарылатын ережелер, ҚР-ның Жоғарғы сотының азаматтық және азаматтық істерді жүргізу заңнамасы санатында, «Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы ҚР АҚ-нің нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» атындағы, азаматтар мен соттарға тиісті түсіндірме беретін нормативтік қаулыда қамтылуы ұсынылып отыр.



**Зерттеуде қолданылған әдістер:** Жалпы ғылыми зерттеу әдістерінен келесілер: шартты орындаудан біржақты бас тартуды реттейтін нормаларды жеке элементтерге бөліп қарастыру және олардың өзара байланысын орнату мақсатында анализ және синтез әдістері. Заң шығарушының шарттан бас тартуды реттеуіндегі логикалық тізбегін анықтау үшін индукция, дедукция әдістері. Шартты бұзу және шартты орындаудан біржақты бас тарту институттарының байланысын орнату мақсатында ұқсастық принциптері қолданылды. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың алғышарттарын классификациялауда жүйелік-құрылымдық әдіс басшылыққа алынды. Сонымен бірге, жеке ғылыми әдістерден, шартты орындаудан біржақты бас тарту институтының тарихи құбылысын анықтау және заманауи көзқарастарды зерттеу барысында тарихи әдіске сүйендік. Зерттеу барысында маңызды орын алған салыстырмалы – құқықтық, заңды-формальды әдістері қолданылды. Мысалы, сот тәжірибесін немесе ұлттық заңнаманы шетел заңнамасымен салыстыру барысында салыстырмалы-құқықтық әдіс қолданылды. Ал, «шартты бұзу» және «шартты орындаудан біржақты бас тарту» терминдері мен олардың ара-қатынасын зерттеуде заңды-формальды әдіске жүгіндік.

**Зерттеудің құрылымы:** Ұсынылып отырған магистрлік диссертация екі бөлімді, сегіз бөлімше, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімін қамтиды.

# 1. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық табиғаты

## 1.1. Шартты орындаудан біржақты бас тарту - шартты бұзу және өзгерту негізі ретінде

Шартты орындаудан біржақты бас тарту құбылысының анықтамасы мен жүзеге асыру қағидаларын анықтау үшін алдымен, шартты бұзу және өзгертудің заңнамадағы және құқықтық әдебиеттегі түсінігін айқындап алу қажет.

Шартты өзгерту және бұзу Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексінің (әрі қарай – ҚР АҚ) 24-тарауындағы 401-404 баптарында реттелген. ҚР АҚ-нің 401-бабында, шартты өзгерту және бұзудың жалпы ережесі ретінде, шартты өзгерту және бұзу шарт тараптарының өзара келісімі негізінде жүзеге асырылатындығы көзделген. Дегенмен, заңнамада шартты тараптардың келісімі бойынша өзгерту және бұзудан бөлек бірқатар ерекшеліктер орын алады. Шартты бұзу мен өзгертудің өзгеше тәртібі АҚ-тің өзінде, немесе заң актілерінде, немесе шартта көзделген болса, шартты «тараптардың келісімі» бойынша бұзу және өзгерту жүзеге асырылмайды<sup>1</sup>. Яғни, отандық заңнама, тараптарға диспозитивті түрде, шарттың тағдырын таңдауға жол береді.

ҚР АҚ-нің 401-бабының 2 –тармағына сәйкес, тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

- 1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;
- 2) АҚ-те, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Ал, келтірілген баптың 3-тармағында, шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту (АҚ-тің 404-бабы) шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептелетіндігі айқындалған. Яғни, шартты өзгерту немесе бұзудың бір негізі ретінде көзделген.

М.К. Сүлейменов және Ю.Г. Басиннің ҚР АҚ-не берген түсіндірмесінде, шартты сот тәртібімен бұзу және шартты орындаудан біржақты бас тартуды өзара айқын ажырата білу керектігі аталып өткен. «АҚ-тің мәтінінде «шартты бұзу» термині қолданылғанда, бұл шартты сот тәртібімен бұзуды меңзейді, ал шарт соттың қатысуынсыз, тараптардың біреуінің қалауымен

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (17.11.2021 ж. жағдайына)

бұзылған жағдайда шартты орындаудан біржақты бас тарту немесе шарттан бас тарту термині қолданылады»<sup>2</sup>. Бұл орайда, ҚР АҚ-де «шартты орындаудан бас тарту» және «шарттан бас тарту» терминдері қатар бір-бірінен ажырамай қолданылатындығы байқалады. Мысалы, шарттан бас тартуға арналған ҚР АҚ-нің 404-бабы «Шартты орындаудан біржақты бас тарту (шарттан бас тарту)» деп аталады. Біз де әрі қарай жұмыс барысында бұл екі терминдерді өзара алмастыруға болатын, бірдей мағынада қолданамыз.

Дегенмен, шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы норманың ҚР АҚ-нің «Шартты өзгерту және бұзу негіздері» атты бабында орналасуы белгілі бір түсініпеушіліктер тудыруы мүмкін. Жоғарыда келтірілген М.К. Сүлейменов және Ю.Г. Басиннің дәйегінде, «шартты бұзу» термині – шартты сот тәртібімен бұзуды меңзейтіндігі түсіндірілген. Яғни, егер шартты бұзу міндетті түрде контрагенттің немесе соттың араласушылығын (келісімін) талап ететін болса, қандай да бір араласушылықты талап етпейтін шартты орындаудан біржақты бас тарту, шартты бұзудың негізі бола алады ма? Бүгінгі күні шартты орындаудан біржақты бас тарту, шартты бұзудың ерекше негізі болып табылады.

Ресейлік авторлар әзірлеген мына бір еңбекте келесідей пікір білдіреді: «Шартты бұзу және өзгерту құқықтық құралдар ретінде танылатын құбылыс. Аталған құбылысты құқықтық құрал ретінде келесі белгілермен сипаттауға болады: а) шартты бұзу және өзгерту шарт тараптарының біреуінің бастамасымен б) заңнамада бекітілген негіздер мен тәртіпте жүзеге асырылады. Бұл белгілер шартты бұзу немесе өзгертуге бастамашы болған субъектінің мақсаттарына заңды жолмен жетуін қамтамасыз етеді»<sup>3</sup>.

Шартты орындаудан біржақты бас тартуға екінші тараптың келісімі мен еркі болмайды. Егер, ондай ерік болатын болса, онда шарт тараптардың келісімімен бұзылған болып есептеледі. М.И. Брагинский мен В.В. Витрянский да өз оқулықтарында, «шартты біржақты тәртіпте өзгерту немесе бұзудың ерекшелігі, ондай бұзу немесе өзгертуге контрагенттің

---

<sup>2</sup> Сүлейменов М.К., Басин Ю.Г. редакциясы. Комментарий к гражданскому кодексу Республики Казахстан (общая часть).- электронды порталдағы құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1019750&pos=1:-92#pos=1:-92](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750&pos=1:-92#pos=1:-92)

<sup>3</sup> Абросимова Е.А., Белов В.А., Пугинский Б.И. жалпы редакциясы. Коммерческое право 6-е издание. Учебник для вузов. – Москва: Юрайт басылымы, 2021.- 341 бет

келісімінің болмауы»<sup>4</sup> екендігін атап көрсетеді. Шарттан контрагенттің еркінсіз және сот тәртібінен тыс жолмен бас тарту мүмкіндігін айқындау үшін, заң шығарушы «бас тартуға құқылы» деген түйіндемені қолданады. Мысалы, ҚР АҚ-нің 428-бабының 1-тармағының 5) – тармақшасына сәйкес, «егер сатушы тауардың кемшіліктері туралы айтпаған болса, сатып алушы өз қалауы бойынша «шартты орындаудан бас тартуға құқылы»<sup>5</sup>.

Шартты бұзу мен шартты орындаудан біржақты бас тарту ара қатынасында туындайтын түсініспеушіліктердің бар екендігіне көз жеткізу үшін, келесі істерге назара аударайық.

Астана қаласының МАЭС-ның № 7119-17-00-2/1 азаматтық ісіндегі шартты бұзу және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы бойынша шешімі<sup>6</sup>. Істің мәніне сәйкес, талап қоюшы – «Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Мекеме) және жауапкер «Сәмам» ЖШС (әрі қарай – Серіктестік) арасында мемлекеттік сатып алу шартына қол қойған. Алайда, Серіктестік шарт бойынша түтінсорғышты орнату міндетін орындамаған. Шарттың талаптары бойынша, Мекеме Серіктестіктің өз міндеттемесін уақытылы орындамағаны үшін, тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға және шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы. Мекеме, Серіктестікке шарттан бас тарту туралы тиісінше хабарлама жіберген. Сот өз шешімінде, Мекеменің тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талабын қанағаттандырып, шартты бұзу туралы талабын қанағаттандырусыз қалдырады. Соттың пайымдауынша, тараптар арасындағы шарт іс-жүзінде Мекеменің 2017 жылдың 31 шілдесінде жолдаған шарттан бас тарту туралы хабарламасымен бұзылған және бұл жағдайда дербес шартты бұзу туралы талапты мәлімдеудің қажеті жоқ.

Баяндалған істен, Мекеменің шартты орындаудан біржақты бас тарту және шартты бұзу институттарын ажыратпай керексіз жерде шартты бұзу туралы талаппен сотқа жүгінгендігі көрінеді. Мұндай орынсыз талап қоюлар

---

<sup>4</sup> Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Общие положения.- Москва: Статут басылымы, 2001.-249 бет, - электронды порталдағы құжат, [https://private-right.ru/wp-content/uploads/Dogovornoe\\_pravo\\_T1.pdf](https://private-right.ru/wp-content/uploads/Dogovornoe_pravo_T1.pdf)

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (17.11.2021 ж. жағдайына)

<sup>6</sup> Астана қаласының МАЭС-ның 2018 жылдың 5 қаңтарындағы № 7119-17-00-2/1 5044 ісі бойынша шешімі, <https://bestprofi.com/document/192382498877&section=1923825024&fs=444028521>

соттарға да, тараптарға да уақыт пен мемлекеттік бажға қаражат жұмсау сияқты шамадан тыс ауыртпалықтар түсіруі мүмкін екендігін ескерген жөн.

Азаматтар мен соттардың әрдайым шартты бұзу мен шарттан бас тартуды дұрыс ажырата білмейтіндігінің дәлелі ретінде келесі істі талдап көрейік.

ШҚО-ның Семей қалалық сотының қарастырған № 2-15306-17 азаматтық ісі бойынша, талап қоюшы – Т.П. Макшукова және жауапкер А.Н.Гурин арасында үй құрылысына арналған құжаттарды рәсімдеу туралы өтемелі қызмет көрсету шарты жасалған. Жауапкер А.Н. Гурин өзіне шартпен жүктелеген құжаттарды әзірлеу туралы міндетін орындамау себебінен, Т.П.Макшукова сотқа шартты бұзу туралы талап арызбен жүгінеді. Сот, отырыс барысында, шартта шарттың мерзімі көзделмегендігін орната отырып, ҚР АҚ-нің 404-бабына сілтеме жасайды, яғни, «егер заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шарт мерзімі көрсетілмей жасалған жағдайда шартты орындаудан біржақты бас тартуға жол беріледі»<sup>7</sup>. Алайда, өз шешімінде шартты бұзу туралы ҚР АҚ-нің 401 бабына сілтеме жасап, талап қоюшының шартты бұзу туралы талап аразын қанағаттандырады.

Біздің ойымызша, талап қоюшы сотқа жүгінбестен, біріншіден, шартта шарт мерзімі көрсетілмеу себебінен, ал екіншіден, ҚР АҚ-нің 686-бабының 2-тармағына сәйкес (өтемелі шартты орындаудан біржақты бас тарту)<sup>8</sup> шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы еді.

Келтірілген істер, заңнамада бектілген терминдердің және шартты бұзу мен шарттан бас тарту институттарының тәжірибеде қолдану проблемасы бар екендігін дәлелі.

Біз аталған проблеманың сипаттамасы мен шешу жолдарының кейбір тұстарын «Шартты бұзу және шартты орындаудан біржақты бас тартуды жүзеге асырудың ерекшеліктері» атындағы мақалада атап өткен болатынбыз. Мақалада, шартты бұзу мен шарттан бас тартудың айқын айырмашылықтарын түсінбеу нәтижесінде, азаматтарда құқықтарын қорғау

---

<sup>7</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (17.11.2021 ж. жағдайына)

<sup>8</sup> Тапсырысшының кінәсінен болған жағдайды қоспағанда, атқарушы өтемелі қызмет көрсету шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан тапсырысшыға шартты бұзудан келтірілген залалды толық өтегенде ғана бас тартуға құқылы.

тәсілін таңдау барысында қиыншылықтар туындайтындығы пайымдалған<sup>9</sup>. Шынында келтірілген істерден, шарт тараптарының шарттан бас тартуға толық құқығы бола тұрып, шартты бұзу туралы талап арызбен қосалқы сотқа жүгінетіндігі байқалады.

ҚР АҚ-нің 404-бабының 3-тармағында келтірілген «Шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту (АҚ-тің 404-бабы) шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептеледі)<sup>10</sup> нормасының мазмұнынан, шартты бұзу және өзгерту, шартты орындаудан біржақты бас тартудың салдары болып табылатындығы байқалады.

Осылайша, шарттан бас тарту, соттан тыс тәртіпте жүзеге асырылатын шарттық қатынастарды тоқтатудың негізі екендігі айқындалды. Дегенмен, шарттан бас тартуға қатысты мәселелерге соттың тікелей араласуын соттың жанама араласуынан айырған жөн. Шартты орындаудан біржақты бас тартуға сот тікелей араласпайды, себебі шартты бұзу туралы шешім қабылдамайды. Алайда, сот, шарттан бас тарту салдарынан туындаған азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын қолдану үшін жанама түрде араласа алады.

Егер, біз шартты өзгерту және бұзу мәселесіне қайта оралатын болсақ, шартты орындаудан біржақты бас тартудың салдары болып, шартты бұзу ғана емес, шартты өзгерту де болып табылатындығын есімізге түсіреміз. Шартты орындаудан біржақты бас тарту қолданылып, шарт өзгертілгенде, яғни, шарттан ішінара бас тартылған жағдайда, шарт өзгертілген деп санаймыз. Шарттан ішінара бас тарту арқылы, шартты өзгертуді жүзеге асыру да, шартты бұзудағыдай соттан тыс тәртіпте жүзеге асырылады.

Шартты орындаудан біржақты бас тартуға екінші тараптың келісімі мен еркі болмайды. Егер, ондай ерік болатын болса, онда шарт тараптардың келісімімен бұзылған болып есептеледі. Дегенмен, тараптың шарттан бас тарту туралы шешіміне соттың араласа алмайтындығы, соттың шарттан бас тарту әрекетінің заңдылығын бағаламайтындығын білдірмейді. Егер, контрагент шартты орындаудан біржақты бас тартуды заңсыз деп тану туралы талаппен сотқа жүгінетін болса, онда сот шарттан біржақты тәртіпте

---

<sup>9</sup> Шортабай К. А. Шартты бұзу және шартты орындаудан біржақты бас тартудың ерекшеліктері // International scientific journal «Global science and innovations 2022: central asia».2022. - 46 бет

<sup>10</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (17.11.2021 ж. жағдайына)

бас тарту арқылы біржақты шартты бұзуды емес, контрагенттің екінші тараптың шарттан бас тарту нәтижесінде бұзылған азаматтық құқықтарын қорғауды қарастырады.

Мысалы, Ақтау қаласының МАЭС-ның № 4712-17-00-2/2904 ісі бойынша шешімінде, талап қоюшының шартты орындаудан біржақты бас тартуды заңсыз деп тану туралы талабы қанағаттандырылған<sup>11</sup>. Сот отырысында, тараптар: талап қоюшы- «Т.Ж.Усенова» жеке кәсіпкер (әрі қарай – ЖК) және жауапкер – «Жаңаөзен қалалық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - ММ) арасында 06.10.2016 жылы № 72 жалға алу шартына қол қойған. Шарт бойынша, «Жаңаөзен қалалық экономика және қаржы бөлімі» ММ талап қоюшы «Т.Ж.Ксенова» ЖК-ге көлемі 186,80 шаршы метр құрайтын бөлмені жалға береді. 2017 жылдың 30 қарашасында «Жаңаөзен қалалық экономика және қаржы бөлімі» ММ-сі талап қоюшыға шартты бір ай мерзім ішінде бұзу туралы хабарлама жібереді. Шартты бұзудың себебі: шарттың мемлекеттік порталға тіркелмегендігі. Сот өз шешімінде ҚР АҚ-нің 404-бабының 1-тармағына сілтеме жасай отырып, «шартты орындаудан біржақты бас тартуға (Шарттан бас тартуға) осы Кодексте, өзге де заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда жол берілетіндігін»<sup>12</sup> айқындап өтеді. Сот, шартта, шартты біржақты тәртіпте бұзудың мемлекеттік порталға тіркелмеу негізі көзделмегенге сілтеме жасайды және жауапкер «Т.Ж.Ксенова» ЖК-не жолдаған хабарламада шартты бұзудың басқа негіздері көрсетілмегендігін басшылыққа ала отырып, талап қоюшының шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану туралы талабын қанағаттандырады.

Келтірілген істен, соттың талап қоюшы «Т.Ж.Ксенова» ЖК-дің бұзылған азаматтық құқықтарын қалпына келтіру арқылы, шартты бұзу заңсыз деп тынитындығын айқындаймыз. Сонымен бірге, ұсынылған іс бойынша шығарылған соттың шешімінің мәтінінен соттың да, тараптардың да, «шартты біржақты бұзу» мен «шартты орындаудан біржақты бас тарту» терминдерін өзара шатастырып қолданатындығы байқалады. Келтірілген істен жауапкер «Жаңаөзен қалалық экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің

---

<sup>11</sup> Ақтау қаласының МАЭС-ның 2018 жылдың 31 қаңтарындағы № 4712-17-00-2/2904 ісі бойынша шешімі, <https://bestprofi.com/document/1962530157?0&section=1962530181&fs=444028522>

<sup>12</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (17.11.2021 ж. жағдайына)

сотқа жүгінбестен, контрагентіне тиісінше хабарлама жолдай отырып шартты орындаудан бас тартқандығы айқын. Сот өз шешімінде, ҚР АҚ-нің 404-бабының 1-тармағына (шарттан бас тарту) тиісінше, істің мәніне сәйкес келетін сілтеме жасай отырып, шешім мәтінінде «шарттан бас тарту» терминінің орынына «шартты бұзу» терминің қоладанады. Бұл мән-жай заңнамада бектілген терминдердің тәжірибеде қолдану проблемасы бар екендігінің тағы да бір дәйегі.

Жоғарыдағы мысалмен қатар, сот шарттан бас тарту істерінде тек қана ондай бас тартуды заңсыз деп танумен ғана шектелмей, азаматтық құқықты қалпына келтіру үшін шарттан заңды түрде бас тартылған жағдайда ондай бас тартудың орындалуын да қамтамасыз етеді.

Мысалы, Алматы қаласының Алатау аудандық сотының № 7575-17-00-2/7952 азаматтық ісіндегі пәтерден шығару туралы талабы бойынша шешімі<sup>13</sup>. Істің мәні бойынша, талап қоюшы - «AytHousingComplex» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (әрі қарай - ЖШС) жауапкер – Ж. Әлімбекқызы арасында 2013 жылдың 30 сәуірінде пәтерді бөліп төлеу төлемі арқылы сатып алу – сату шартына қол қойылған. Шарттың талаптары бойынша пәтерге деген меншік құқығы жауапкер Ж. Әлімбекқызына пәтердің толық құнын өтеп болғаннан кейін ауысады. Сот жауапкер Ж. Әлімбекқызының шартпен көзделген бөліп төлеу төлемдерін өтемегендігін анықтайды. Сол себептен жауапкерге 2013 жылдың 30 мамырында талап қоюшы «AytHousingComplex» ЖШС тарапынан шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарлама жолданады. Хабарламада көрсетілген негіз шартта көзделген негізге сәйкес келеді, яғни сатушы, бөліп төлеу төлемдері уақытылы өтелмеген жағдайда, шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы. Хабарлама негізінде талап қоюшы «AytHousingComplex» ЖШС жауапкер Ж. Әлімбекқызынан пәтерді босатуды талап етеді. Жауапкердің бұл талапты орындамауы себебінен жауапкер «AytHousingComplex» ЖШС сотқа Ж. Әлімбекқызын пәтерден шығару туралы талабымен жүгінеді. Сот талап қоюшының талабын ҚР АҚ 404-бабының 1-тармағына сілтеме жасай отырып қанағаттандырады.

Яғни, келтірілген істе, сот контрагентті жанама түрде шартты орындаудан біржақты бас тартуды, және одан туындайтын салдарды орындауға мәжбүрлеу туралы шешім қабылдайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, шарттық қатынастарды тоқтатудың соттың араласуымен жүзеге асырылатын (шартты бұзу) және

---

<sup>13</sup> Алматы қаласының Алатау аудандық сотының 2018 жылғы 24 қаңтарындағы № 7575-17-00-2/7952 ісі бойынша шешімі, <https://bestprofi.com/document/1960574448?0&section=1960574494&fs=444028522>



соттың араласуынсыз (шарттан бас тарту) жүзеге асырылатын деп жіктейміз. Алайда, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру үшін, құқығы бұзылған тараптың талабы негізінде сот шарттан бас тарту рәсіміне жанама түрде араласады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, отандық тәжірибедегі шартты орындаудан біржақты бас тарту және шартты бұзудың ара қатынасындағы айырмашылықтың соттар мен шарт тараптарының әрдайым түсіне бермейтіндігі байқалады. Аталған мәселені реттеу үшін, ҚР Жоғарғы сотының шартты орындаудан біржақты бас тарту немесе шартты бұзумен шартты орындаудан біржақты бас тартуға арналған Азаматтық кодекстің кейбір нормаларын қоладану туралы нормативтік қаулысы керек деп санаймыз.

## **1.2. Шартты орындаудан біржақты бас тарту - біржақты мәміле ретінде**

Алдыңғы бөлімде анықтағанмыздай, шартты орындаудан біржақты бас тарту, бас тартушы тұлғаның ғана еркімен жүзеге асырылатын біржақты іс-әрекет. Бұл орайда, біз мұндай бас тартуды біржақты мәміле ретінде тани аламыз ба деген сұрақ туындайды. Бұл мәселе Ресейлік ғылымдармен бірнеше рет көтеріліп қарастырылған, алайда отандық заңнамада ұқсас зерттеулер кездеспейді<sup>14</sup>.

Азаматтық қарым-қатынастардың (құқықтар мен міндеттердің) пайда болу, өзгерту және тоқтатылу негізінің заңды фактілер екендігі белгілі. Ондай заңды фактілер ҚР АҚ-нің 7-бабында көрініс тапқан. М.К. Сүлейменов заңды фактілерге арналған мақаласында бір топ құқықтанушы ғалымдардың түсінігі негізінде, заңды фактінің келесідей ережесін тұжырымдайды: «құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі немесе тоқтатылуы түріндегі заңды салдарды байланыстыратын нақты жағдай заңды факт деп танылады. Заңды факт – бұл заң нормасы мен нақты құқықтық қатынастар арасындағы байланыс»<sup>15</sup>. Ал, мәмілелер белгілі бір салдарды туындатуға бағытталған, тұлғаның еркіне негізделген заңды фактінің түрі.

ҚР АҚ-нің 147-бабында мәміле ұғымына келесідей анықтама берілген, «азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін

---

<sup>14</sup> Егорова М.А., тағы сол сияқты өзге де авторлар.

<sup>15</sup> Сүлейменов М.К. Юридические факты в гражданском праве: проблемы теории и практики // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені – 2015. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33796397&pos=83;-46#pos=83;-46](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33796397&pos=83;-46#pos=83;-46)

белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады». Яғни, белгілі бір іс-әрекет мәміленің анықтамасына сәйкес келуі үшін, міндетті түрде құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту және тоқтатуға бағытталған болуы қажет. А.Г.Карапетов мәмілелерді «құқықпен азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негізі деп танылатын, тұлғаның (немесе бірнеше тұлғаның) міндетті түрде арнайы құқықтық салдарды туындатуға бағытталған еркі»<sup>16</sup> - деп анықтайды. Сонымен бірге, көптеген зерттеушілер мен авторлар мәмілені ерікті іс-әрекет деп таниды. Мысалы, Е.А. Суханов, «мәмілелер-жеке және заңды тұлғалардың белгілі бір құқықтық салдарға қол жеткізуге бағытталған саналы, мақсатты және ерікті әрекет»<sup>17</sup> - деп пайымдайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, біз қысқаша мәмілені ерікті іс әрекет деп танимыз. Шартты орындаудан біржақты бас тарту тек жалғыз тұлғаның ғана еркімен жүзеге асырылатын болғандықтан, біржақты мәміленің де түсінігін анықтап алған жөн.

ҚР АҚ-нің 148-бабының 2-тармағы, біржақты мәмілеге келесідей анықтама береді «Заңдарға немесе тараптардың келісіміне сәйкес жасалуы үшін бір тараптың ерік білдіруі қажет және жеткілікті болатын мәміле біржақты мәміле деп есептеледі». М.К. Сулейменов және Ю.Г.Басин ҚР АҚ-не берген түсіндірмелерінде, «біржақты мәміле бір адамның еркін білдіреді және басқа азаматтармен заңды тұлғалардың оған қалай қарайтынына қарамастан әрекет етеді. Біржақты мәміле оны жасаған тұлғаның құқықтары мен міндеттерін тоқтатады немесе өзгертеді бірақ, әдетте, үшінші тұлғаларға міндеттер жүктей алмайды»<sup>18</sup>.

Жоғарыдағылардың негізінде, келтірілген мәміле мен біржақты мәміленің ережелері мен заң нормасындағы бекітілуін саралай отырып, біржақты мәміленің келесі белгілерін айқындауға болады: 1) бір тұлғаның ерікті іс-әрекеті; 2) заңды іс-әрекет; 3) азаматтық қарым-қатынастарды туындатады, белгілейді немесе өзгертеді; 4) нақты салдардың пайда болуына бағытталған саналы іс-әрекет.

---

<sup>16</sup> Карапетов А.Г. Сделки, представительство, исковая давность: постатейный комментарий к статьям 153-208 Гражданского кодекса Российской Федерации. – Москва: М-Логос басылымы, 2018.-15 бет

<sup>17</sup> Суханов Е.А. Российское гражданское право. Учебник: в 2 т. Т. I: общая часть. – Москва: Статут басылымы, 2011. - 338 бет

<sup>18</sup> Сулейменов М.К., Ю.Г.Басин редакциясы. Комментарий к гражданскому кодексу Республики Казахстан (общая часть).- электронды порталдағы құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1019750&pos=1;-92#pos=1;-92](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750&pos=1;-92#pos=1;-92)

Осылайша, біз шартты орындаудан біржақты бас тартуды, бір (жалғыз) тұлғаның (шарттан бас тартушы тұлғаның) белгілі бір құқықтық салдарды туындатуға бағытталған (шартты бұзуға, шарттық қатынастарды тоқтатуға) заңды, ерікті іс-әрекеті деген қорытындыға келе отырып, оның біржақты мәміленің белгілеріне сәйкес келетіндігін дәлелдейміз. Отандық ғылымда бұл мәселе көтерілмегенімен, Ресейлік құқықтанушылардың басым көпшілігі, оның ішінде А.Г.Карапетов<sup>19</sup>, И.В.Попов<sup>20</sup>, М.А. Егорова<sup>21</sup>, К.С. Безик<sup>22</sup> және тағы да басқалары, шартты орындаудан біржақты бас тартуды біржақты мәміле ретінде анықтайды. Біз де Ресейлік құқықтанушылармен келісеміз және шартты орындаудан біржақты бас тартудың біржақты шарт болып табылатындығына күмән тудырмаймыз.

Біржақты мәміле ретіндегі шартты орындаудан біржақты бас тартудың салдарының заңдылығы маңызды болып табылады. Ю.П. Егоров, профессор Б.Б. Черепанинге сілтеме жасай отырып, оның біржақты мәмілелерді біржақты құқық беретін және біржақты міндет жүктейтін деп жіктегенін атап өтеді<sup>23</sup>. Біржақты міндет жүктейтін мәмілелер белсенді субъектінің ерік білдіруімен жүзеге асырылады. Б.Б. Черепанин біржақты міндет жүктейтін мәмілелер ретінде біржақты міндеттеуші жағдайлармен қатар, біржақты құқықтан айыратын жағдайларды да қарастырған.

Шартты орындаудан біржақты бас тартуды мінсіз түрде басқа тұлғалардың құқық алаңына әсер ететін біржақты міндет жүктейтін мәміле ретінде таныған жөн.

---

<sup>19</sup> Карапетов А.Г. Договорное и обязательственное право (общая часть): постатейный комментарий к статьям 307-453 Гражданского кодекса Российской Федерации. – Москва: «М-Логос» басылмы, 2017. -1081 бет

<sup>20</sup> Попов И.В. К вопросу об отказе от исполнения договора// Практика применения общих положений об обязательствах: Сборник статей. 2011. – 318-330 беттер, - электронды порталдағы құжат, <https://siblu.ru/sites/default/files/employees/popov-gp-09.pdf>

<sup>21</sup> Егорова М.А. Односторонний отказ от исполнения гражданско-правового договора. 2-ші басылым.- Москва: «Статут» басылмы, 2010 – 6 бет

<sup>22</sup> Безик К.С. Порядок одностороннего отказа от исполнения договора // Сибирский юридический вестник. 2008.- 39-43 беттер, - электронды порталдағы құжат, <https://cyberleninka.ru/article/n/poryadok-odnostoronnego-otkaza-ot-ispolneniya-dogovora>

<sup>23</sup> Егоров Ю.П. Классификация сделок как отражение их правовой природы // Цивилистическая практика. № 4 (25). 2007.- 28-47 беттер, электронды порталдағы құжат, <http://www.civilista.ru/articles.php?id=41>

Біржақты бас тартудан туындайтын құқықтық салдар, тараптың шарттан толықтай немесе ішінара бас тартуымен байланысты. ҚР АҚ-нің 401-бабының 3-тармағында белгіленгендей, шартты орындаудан ішінара біржақты бас тарту оның өзгеруін, ал шартты орындаудан толық бас тарту оның тоқтатылуына әкеледі. Сол себепті, шарттан бас тартуды біріжақты мәміле ретінде қарастырғанда, оған контрагенттің қатынасы мен қабылдауын ескерген жөн.

Кез келген шарттан бас тарту, ондай бас тартудың қарсы тараппен қабылдануын талап етеді. Егер тараптардың біреуі шарттан біржақты бас тарту туралы білмеген болса, онда шарттық қатынастардың тоқтатылуын елестету мүмкін емес. Ол үшін азаматтық заңнама, шарттан бас тартылған жағдайда, тараптардың бір-біріне хабарлама жолдауы туралы талап көзделген. Алайда, шарттан бас тарту, хабарламаны алған тұлғаның шартты бұзудан бас тартуға немесе басқа да іс-әрекеттер жасауына құқық бермейді. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың бұл белгісіне сәйкес, шарттан бас тартуды қабылдау, ондай бас тартуды жүзеге асыруға кедергі келтірмеуімен ерекшеленеді және қажетті ақпарат (хабарлама) контрагентке жеткізілген сәттен бастап күшіне енеді.

Құқықтық қатынастардың дамуына әсері бойынша қосалқы (көметесуші) біржақты және негізгі біржақты мәмілелер ерекшеленеді<sup>24</sup>.

Қосалқы біржақты мәмілелер – бұл бұрыннан қалыптасқан құқықтық қатынастардың өзгеруіне немесе тоқтатылуына әкелетін мәмілелер. Қосалқы біржақты мәміленің ең көп таралған мысалы: контрагент уәкілет берген шартты біржақты бұзу. Бұл мәселеге қатысты Е.А. Флейшецтің келесі тұжырымы әділ болады: «қосалқы мәмілелер әрқашан тараптар арасында бұрын орын алған басқа құқықтық қатынастарды іске асыру үшін, тапсырыстан, әкімшілік актіден, бұрын жасалған мәміледен туындайтын міндеттемелерді орындау үшін жасалады»<sup>25</sup>.

Шарттан бас тартушы тарап өз еркін хабарлама арқылы білдіреді. ҚР АҚ-нің 404-бабының 4-тармағында, «занда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмеген болса, онда шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда бір тарап бұл туралы екінші тарапқа бір айдан кешіктірмей хабарлауы тиіс»<sup>26</sup> делінген. Алайда, заңның бұл нормасында немесе өзге

---

<sup>24</sup> Москаленко А. Односторонние сделки как основания возникновения обязательств // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені – 2017. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32706346&pos=5;-111#pos=5;-111](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32706346&pos=5;-111#pos=5;-111)

<sup>25</sup> Жоғарыдағы сілтемені қараңыз

<sup>26</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік

баптарда хабарламаның нысаны туралы талаптар көзделмеген. Яғни, хабарлама жазбаша нысанда жасалу қажеттігі не қажет еместігі туралы ақпарат жоқ. ҚР АҚ-нің 402-бабының 1-тармағында, шартты өзгерту және бұзу тәртібі туралы келісімнің шарт жасалатын сияқты нысанда жасалатындығы көзделген<sup>27</sup>. Дегенмен, бұл норма шартты бұзу және өзгертудің тәртібін реттеуге бағытталған және шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламаға деген талаптарды қамтымайды.

Жоғарыда біз шартты орындаудан біржақты бас тартуды біржақты мәміле деген тұжырымға келдік. Бұл жағдайда, шартты орындаудан біржақты бас тартуға деген ерік білдірудің насаны мәміленің нысанына яғни мәмілеге қойылатын ҚР АҚ-нің 151-155 баптарына сәйкес келу керек деген көзқарасты<sup>28</sup> қолдаймыз.

Біржақты мәміле ретінде шартты орындаудан біржақты бас тарту үшін бас тартушы тарап өзінің еркін ауызша нысанда да білдіруі мүмкін. ҚР АҚ-нің 151-бабының 2-тармағына сәйкес, «заңдармен немесе тараптардың келісімімен жазбаша (жай не нотариалдық) немесе өзге белгілі бір нысан белгіленбеген мәміле, атап айтқанда, олар жасалған кезде атқарылатын мәмілелердің бәрі ауызша жасалуы мүмкін. Мұндай мәміле адамның мінез-құлқынан оның мәміле жасау еркі айқын көрініп тұрған ретте де жасалған деп саналады»<sup>29</sup>. Мысалы, ҚР АҚ-нің 722-бабының 1-тармағында, «сақтаушының нөмірлер, жетондар және басқа да заңды деп танылған белгілер беруі арқылы заттарды қысқа мерзімге сақтауға сақтау камераларына және вокзалдардың, әуежайлардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, театрлардың, мұражайлардың, стадиондардың, асханалардың және т.б. киім ілгіштеріне өткізулер»<sup>30</sup> туралы шарттардың

---

құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет»,  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (29.11.2021 ж. жағдайына)

<sup>27</sup> Жоғарыдағы сілтемені қараңыз

<sup>28</sup> Егорова М.А. Односторонний отказ от исполнения гражданско-правового договора. 2-ші басылым.- Москва: «Статут» басылымы, 2010 – 6 бет

<sup>29</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет»,  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (29.11.2021 ж. жағдайына)

<sup>30</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет»,  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> (29.11.2021 ж. жағдайына)

ауызша нысанда жасалатындығы көзделген. Демек, ауызша нысанда жасалған шарттан біржақты бас тарту үшін, контрагентке ол туралы ауызша хабарлау жеткілікті болып табылады деп санаймыз. М.К. Сүлейменов және Ю.Г. Басиннің ҚР АҚ-не берген түсіндірмелерінде де, «мәмілені өзгерту, орындау немесе тоқтату, әдетте мәміле жасалған нысанмен бірдей түрде жасалады» деп атап өткен.

Бұл бөлімде берілген мағлұматтардан шартты орындаудан біржақты бас тартудың мәміле деп танылатындығына және ондай бас тарту заңсыз орын алған жағдайда ҚР АҚ мәміленің жарамсыздығы туралы ережелердің қолданылатындығына көз жеткіздік. Шарт тараптарының және соттардың бұл нормаларды тиісінше қолдана білуі үшін, қолдану туралы ережелер жоғарыда айтылған ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулысында орын алуы тиіс.

### **1.3. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың азаматтық құқықты қорғау жүйесімен ара қатынасы**

Егер біз шартты орындаудан біржақты бас тартудың азаматтық құқықтық жауапкершілікпен ара-қатынасын қарастыратын болсақ, онда жауапкершіліктің анықтамасы мен түсінігін айқындап алған жөн. Әдебиеттерде заңды жауапкершіліктің екі түрлі түсінігі кездеседі. Біріншісіне сәйкес, азаматтық құқықтық жауапкершілік – тұлғаны, өзіне жүктелген міндеттерді орындатуға бағытталған, кез келген мемлекеттік мәжбүрлеу. Ал, екіншісіне сәйкес, азаматтық құқықтық жауапкершілік – құқық нормаларымен көзделген құқық субъектісінің құқық бұзушылықтан туындаған қолайсыз салдарды өзіне жүктеу міндеті<sup>31</sup>. М.К. Сүлейменов аталған екі тұжырымдамада қарама-қайшылықтар жоқ екендігін пайымдайды. «бір жағынан, жауапкершілік – бұл мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Ал, екінші жағынан, жауапкершілік - бұл тұлғаға жүктелген қосымша міндеттеме. Сол себепті, екі тұжырымдама да дұрыс болып көрінеді»<sup>32</sup>.

М.К. Сүлейменовтың пайымдауынша, «құқықты қорғау» тіркесі тар мағынада, құқықтарды қорғау ұғымы, яғни азаматтық құқықтарды қалпына келтіруге немесе тануға және олардың бұзылуы мен дау туындаған жағдайда

---

<sup>31</sup> Суханов Е.А. Гражданское право. Учебник: в 4 т. – Москва: Статут басылымы, 2019. - 519 бет

<sup>32</sup> Сүлейменов М.К. Ответственность в гражданском праве // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені – 2006. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30070848&pos=3;-54#pos=3;-54](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30070848&pos=3;-54#pos=3;-54)

мүдделерді қорғауға бағытталған шаралар жүйесін, азаматтық құқықтарды қорғауды білдіреді<sup>33</sup>.

Әдетте, азаматтық құқықтарды қорғаудың тәсілдері юрисдикциялық және юрисдикциялық емес деп бөлінеді. М.К. Сүлейменов юрисдикциялық емес қорғау тәсілін тұлғаның тәуелсіз іс-әрекетімен құқықтарын қорғауды және өзін-өзі қорғау деп қарастырады<sup>34</sup>. Өзін-өзі қорғаудың негізі – азаматтық құқықтарды өзін-өзі қорғауға уәкілетті адамның өзінің жеке немесе мүліктік құқықтары мен мүдделерін, басқа адамдар мен мүдделерін қорғауға бағытталған нақты сипаттағы әрекеттерді жасау болып табылады. Аталған тұжырымдама В.Б. Грибановтың ұйғарымы болып табылады<sup>35</sup>.

Біздің ойымызша, шартты орындаудан біржақты бас тарту юрисдикциялық емес өзінің азаматтық немесе заңмен қорғалатын басқа да мүдделерін өзін-өзі қорғау түрінде жүзеге асырылады. Өзін-өзі қорғау түріндегі құқықтарды қорғау нысаны ретінде шартты орындаудан біржақты бас тарту, заңды акт түрінде жүзеге асырылады және біржақты тәртіппен жүзеге асырылатын заңды әрекеттің бір түрі болып табылады.

Құқықтық әдебиетте азаматтық құқықтарды қорғаудың бір жолы ретінде құқық бұзушыға жедел ықпал ету шараларының қарастырылғандығы жайлы мағлұматтар беріледі. Жедел ықпал ету шараларын кейбір дереккөздерде жедел сипаттағы шаралар, жедел санкциялар, ұйымдастырушылық санкциялар деп те атайды.

В.П. Грибанов, жедел ықпал ету шараларына келесідей анықтама береді: «Жедел ықпал ету шаралары деп құқықтарды қорғауға бағытталған, құзыретті мемлекеттік органдарға жүгінбестен, азаматтық құқықтар мен міндеттерді тікелей уәкілетті адамның құқықтық қатынастардың тарабы ретінде құқық бұзушыға қолданатын құқық қорғау сипатындағы заң құралдары түсініледі»<sup>36</sup>.

Азаматтың жеке басын, меншік құқығын немесе заңды тұлғалар мен азаматтардың басқа да құқықтарын қорғауды мақсат ететін азаматтық құқықтарды өзін-өзі қорғаудан жедел ықпал ету шараларының айырмашылығы, бұл шаралардың міндеттемелік қарым-қатынастарға

---

<sup>33</sup> Сүлейменов М.К. Защита гражданских прав по законодательству Республики Казахстан // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені – 2004. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39427980&pos=6;-111#pos=6;-111](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39427980&pos=6;-111#pos=6;-111)

<sup>34</sup> Жоғарыдағы сілтемені қараңыз

<sup>35</sup> Жоғарыдағы сілтемені қараңыз

<sup>36</sup> Суханов Е.А. Гражданское право. Учебник: в 4 т. – Москва: Статут басылымы, 2019. - 508 бет

бағытталғандығы болып табылады. Жедел ықпал ету шаралары уәкілетті тарапқа өзінің жосықсыз контрагентіне тікелей жедел ықпал ету құқығын беру арқылы міндеттемелердің тиісті орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық кепілдіктердің бір түрін білдіреді.

В.П. Грибанов жедел ықпал ету шараларын құқық қорғау шараларына жатқызуға мүмкіндік беретін ерекше белгілерді атап көрсетеді<sup>37</sup>. Біріншіден, жедел ықпал ету шараларының барлығы тұлғаның құқықтары мен міндеттерін қорғауға бағытталған. Бұл шаралардың құқық қорғау сипаты, оларды уәкілетті тұлға оның контрагенті белгілі бір құқық бұзушылықтарға жол берген жағдайда ғана қолданады, мысалы, белгіленген мерзімде міндеттемелерді орындамаған немесе белгілі бір жұмыстарды орындаудан жалтарған және төлемдерді кешіктірген жағдайда ғана қолданылады.

Екіншіден, жедел ықпал ету шаралары, уәкілетті субъектінің біржақты әрекет ету сипатына ие. Бұл құқық бұзушыға тікелей уәкілетті тұлғаның өзі, тәуелсіз қолданатын шаралар, бірақ барлық жағдайларда оларды қолдану уәкілетті тараптың құқықығы болып табылады және соттан тыс тәртіпте жүзеге асырылады.

Жедел ықпал ету шараларының үшінші ерекшелігі – уәкілетті адамның осы шараларды қолданудың біржақты сипаты, оларды дұрыс қолдану кепілдіктерінің өзіндік сипатын анықтайды. Яғни, ондай шараларды қолданудың шектері мен ерекшеліктері заңда нақты орын алуы тиіс және заңнамада, егер тұлғаға қарсы жедел ықпал ету шаралы негізсіз қолданылған жағдайда, ондай шараларды сотта даулау құқығының болуы.

Төртіншіден, жедел ықпал ету шараларын қолдану, олар бағытталған тұлғаны қолайсыз салдарға соқтырады.

В.П. Грибановтың өзі де, «жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың екінші тараптың міндеттерін бұзуына байланысты емес орын алған біржақты әрекеттері құқық қорғау тәртібінің жедел шараларына жатқызыла алмайды»<sup>38</sup> - деп пікір білдіреді.

Шартты орындаудан біржақты бас тартуды өзін-өзі қорғау бойынша нақты әрекеттерден ажырататын тағы бір ерекшелігі – іс әрекеттің заңды сипаты. «Азаматтық құқықтарды өзін-өзі қорғау шараларынан, жедел ықпал ету шараларының айырмашылығы, оларды уәкілетті адамның сотқа немесе

---

<sup>37</sup> Суханов Е.А. Осуществление и защита гражданских прав. (Классика российской цивилистики) – Москва: Статут басылымы, 2011., электронды құжат, [http://civil.consultant.ru/elib/books/1/page\\_15.html](http://civil.consultant.ru/elib/books/1/page_15.html)

<sup>38</sup> Суханов Е.А. Осуществление и защита гражданских прав. (Классика российской цивилистики) – Москва: Статут басылымы, 2011., электронды құжат, [http://civil.consultant.ru/elib/books/1/page\\_15.html](http://civil.consultant.ru/elib/books/1/page_15.html)



мемлекеттік органдарға жүгінбестен қолданатындығына қарамастан, заңды емес, нақты сипатқа ие. Яғни әрқашан құқық бұзушы үшін, ең алдымен, құқықтар мен міндеттердің тиісті өзгеріуіне әкеледі (мысалы тауардың сапасыздығы анықталған жағдайда төлемдерді тоқтату немесе орын алған ақаулықтарды өз есебінен жоюға міндеттеу және т.б.)<sup>39</sup>.

Шартты орындаудан біржақты бас тартудың азаматтық құқықтарды қорғау жүйесімен ара-қатынасын талдауды қорытындылай келе, төмендегідей тұжырымдарға келдік.

- 1) Шартты орындаудан біржақты бас тарту жөніндегі біржақты мәміле өзін-өзі қорғау нысанында жүзеге асырылатын азаматтық-құқықтық қорғау тәсілінің рөлін атқарады. Шартты орындаудан біржақты бас тартуды қолдану арқылы өзін-өзі қорғау, шарттық қатынастардағы өзін-өзі қорғаудың бір түрі болып табылады;
- 2) Шартты орындаудан біржақты бас тартудың салдары ретінде: шартты өзгерту, оны бұзу, сондай-ақ тиісінше орындауға мәжбүрлеу болуы мүмкін. Залалдарды өтеу немесе өзге де ұқсас салдар түріндегі шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық салдары, шарттың бұзылуына байланысты туындайтын жеке құқық қорғау қатынастарының мазмұны болып табылады. Осылайша, шартты орындаудан біржақты бас тарту азаматтық-құқықтық жауапкершілік шарасы емес, азаматтық-құқықтарды қорғау құралы болып табылады;
- 3) Шартты орындаудан біржақты бас тартудың негізі, контрагенттің шарттық міндеттемелерді бұзуы болғанда, шарттан бас тарту жедел ықпал ету шарасы болып табылады. Алайда, шартты орындаудан біржақты бас тартудың барлық түрлері жедел ықпал ету шаралары болып табылмайды.

---

<sup>39</sup> Суханов Е.А. Гражданское право.– Москва: Статут басылымы, 1998., электронды құжат, <http://www.bibliotekar.ru/grazhdanskoe-pravo-3/index.htm>

## Тұжырым А

Шартты орындаудан біржақты бас тарту институтының құқықтық табиғатына зерттеу жүргізу барысында, келесідей тұжырымдар жасалды:

(1) Шартты орындаудан біржақты бас тарту мен шартты бұзу, шарттық қатынастарды тоқтатудың әр түрлі тәртібін қамтитын негіздері. Дегенмен, отандық тәжірибеде «шартты бұзу» және «шартты орындаудан біржақты бас тарту» терминдерімен, жалпы механизмдерінің шатастырылуы анықталды;

(2) Шартты орындаудан біржақты бас тарту өзінің жалпы және жекеленген белгілерінің жиынтығы негізінде, ҚР АҚ-де көзделген біржақты мәміле болып табылады. Демек, шартты орындаудан біржақты бас тарту мәміле ретінде танылатын болса, онда оған АҚ-тің мәміле туралы жалпы ережелері қолданылады. Мысалы, жарамсыз және маңызсыз мәмілелер туралы ереже;

(3) Шартты орындаудан біржақты бас тарту әрекеті, контрагентті субъективті құқықтардан айырумен байланысты болғанымен, шарттан бас тарту азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің бір түрі болып табылмайды;

(4) Шартты орындаудан біржақты бас тарту азаматтық құқықтарды қорғау жүйесіндегі өзін-өзі қорғау тәсіліне жатқызылады;

(5) Контрагент тарапынан шарт талаптарын бұзу орын алған жағдайда, шартты орындаудан біржақты бас тарту жедел ықпал ету шарасы болып табылады.

## 2. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық қолданысы

### 2.1. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың жалпы негіздері

ҚР АҚ-нің 404-бабының 1-тармағына сәйкес, «шартты орындаудан біржақты бас тартуға (Шарттан бас тартуға) АҚ-те, өзге де заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда жол беріледі»<sup>40</sup>. ҚР 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» заңының 1-бабының 5-тармақшасына сәйкес, заңнамалық актіге конституциялық заңдар, кодекстер, ҚР Парламентінің қаулылары жатады. Сонымен бірге, мысалы, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер заңнамалық актілер қатарына кірмейді<sup>41</sup>, сол себепті, шартты орындаудан біржақты бас тартудың негіздері заңға тәуелді құқықтық актілерде көзделе алмайды.

Тараптардың бірімен шартты орындаудан біржақты бас тартудың жалпы негіздері ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағында көрсетілген:

- 1) «Шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмаған жағдайда;
- 2) Егер ҚР оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде өзгеше белгіленбесе, белгіленген тәртіппен екінші тарапты банкрот деп таныған жағдайда;
- 3) Шарт жасалғанда негізге алынған мемлекеттік органның актісі өзгертілген немесе күші жойылған жағдайларда шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы»<sup>42</sup>.

Шартты орындаудан біржақты бас тартудың негіздері туралы сөз қозғалғанда, біз алдыңғы бөлімдерде анықтағанымыздай, ондай бас тартудың мәміле екендігін ұмытпаған жөн. Шартты орындаудан біржақты

---

<sup>40</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (07.01.2022 ж. жағдайына)

<sup>41</sup> Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V «Құқықтық актілер туралы» зағы // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (07.01.2022 ж. жағдайына)

<sup>42</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (07.01.2022 ж. жағдайына)

бас тарту мәміле бола отырып, ҚР АҚ-де мәмілені реттейтін ережелерге бағынады. Егер шартты орындаудан біржақты бас тарту негізсіз жүзеге асырылған болса, ондай бас тарту жарамсыз немесе маңызсыз деп танылуы керек. М.И. Брагинскийдің айтуынша, шартты орындаудан біржақты бас тартуды даулайтын тұлға бас тартушы тұлғаның бас тартуды жүзеге асыруға құқығы жоқ екендігінің фактісін орнату туралы талаппен жүгіне алады<sup>43</sup>. Бұл жағдайда, шарттан бас тарту, мәмілені даулау тәртібіне бағына отырып, жарамсыз деп танылуы тиіс.

К.В. Мукашева, «ҚР АҚ-мен немесе басқа да заң актілерімен көзделген шартты орындаудан біржақты бас тартудың негіздерін:

- 1) негіздердің болуына немесе болмауына қарамастан кез-келген уақытта шарттан бас тарту;
- 2) белгілі бір фактілер (жағдайлар) орын алған кезде шарттан бас тарту;
- 3) тараптардың бірі шарт талаптарын бұзған жағдайда шарттан бас тарту»<sup>44</sup> - деп жіктейді.

Біз де, заңгердің бұл жіктеуімен толықтай келісеміз. ҚР АҚ-нің шарттан бас тартуды реттейтін нормалардың анализі жоғарыдағыдай қорытындылар жасауға негіз болып табылады.

Бірінші жағдайдағы негіздердің болуына немесе болмауына қарамастан кез-келген уақытта шарттан бас тарту құқығын тараптарға ҚР АҚ-нің 404-бабының 1-тармағындағы «шарттан бас тартуға тараптардың келісімі болған жағдайда жол беріледі» тұжырымдамасы мен ҚР АҚ-нің ерекше бөлімінде шарттың жекеленген түрлеріне қатысты тараулардағы ережелер (мысалы өтемелі қызмет көрсету шартын орындаудан біржақты бас тарту тапсырысшы атқарушының шығыстарын өтеген жағдайда кез-келген уақытта жол беріледі) береді.

Тараптар өзара келісімде шартты орындаудан біржақты бас тартудың кез-келген уақытта жүзеге асырылатындығын көздеуі мүмкін. Сонымен қатар, тәжірибеде кездесетін келісімдерде шарттан негізсіз бас тарту құқығы да көзделуі мүмкін. Шарттан негізсіз бас тарту құқығы ҚР АҚ-нің, өтемелі қызмет көрсету, көлік экспедициясы шарттарын реттейтін нормаларда да көзделген. Шарттан негізсіз бас тарту, тараптарға кез келген уақытта, өз қалауы бойынша, екінші тарап жағынан шарт талаптарын бұзу немесе өзгеде ақаулықтар орын алмаған жағдайда да бас тарту құқығын береді.

---

<sup>43</sup> Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Общие положения.- Москва: Статут басылымы, 2001.-249 бет, - электронды порталдағы құжат, [https://private-right.ru/wp-content/uploads/Dogovornoe\\_pravo\\_T1.pdf](https://private-right.ru/wp-content/uploads/Dogovornoe_pravo_T1.pdf)

<sup>44</sup> Мукашева К.В. Отказ от договора // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені - 2006. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30052194](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30052194)

Бұл орайда, шарттан негізсіз бас тарту азаматтық айналым мен шарт тұрақтылығына қалай әсер етеді деген сұрақ туындайды. Тараптардың біреуінің ешбір негізге сүйенбей шарттан бас тартуы, өзіне шартпен жүктелген міндеттемелерді орындаудан бас тартуы екінші тараптың, яғни контрагенттің мүліктік жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Дегенмен, ҚР АҚ-нің ерекше бөліміндегі шарттың жекеленген түрлерін реттейтін нормаларда, шарттан бас тартушының екінші тараптың іс жүзінде шеккен шығыстарын өтеген жағдайда ғана шарттан бас тартуға болатындығы көзделген. Мысалы, дәл сол өтемелі қызмет көрсету шарты. Демек, тараптардың бірі шартты орындаудан біржақты бас тартуды ешбір негізге сүйенбей жүзеге асырған жағдайда, контрагенттің құқықтыры заңмен қорғалған. Алайда, біздің ойымызша, шарттық қатынастарды тоқтатуға деген тым кең өкілеттіліктер шарттық қатынастардың тұрақсыздығын туындатады.

Алматы қалалық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасының № 75-20-00-2а/5176 ісі бойынша шығарған сот қаулысында<sup>45</sup>, сот шартты орындаудан біржақты бас тартуды негізді және ондай негіздер жалған болмауы керек екендігін пайымдап, заңсыз деп таниды.

Істің мәніне сәйкес, 2019 жылдың 19 қарашасында жауапкер «Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» Коммуналды мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - КММ) және талап қоюшы «DALY» ЖК (әрі қарай - ЖК) арасында тауарларды сатып алу-сату шарты жасалған. ЖК тауарды пошта арқылы 2019 жылдың қаңтарында салып жібереді. Алайда, талап қоюшы КММ поштамен келген тауардың салмағы шартпен көзделген салмаққа сәйкес келмейтіндігін алға тартып, 27 қаңтарда шартты біржақты тәртіпте бұзады, яғни шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартады. Шарт талаптарына сәйкес, тапсырыс беруші жеткізуші тауарларды уақытылы жеткізе алмаған немесе шарт бойынша міндеттемесін орындай алмаған жағдайда бас тарта алады. Сот отырысында, шарттың талаптарында жеткізуге жататын тауардың салмағы көрсетілмегендігі анықталады. Осылайша, сот алқасы жоғарыда көрсетілген мән-жайлар бойынша жауапкер жасалған шарттың талаптарын бұза отырып, шартты шарттан біржақты тәртіпте бас тарту арқылы негізсіз бұзған деген қортындыға келеді.

Келтірілген істен, соттардың, шартты орындаудан біржақты бас тартудың жеткілікті негіздермен жүзеге асырылуы керек екендігінің

---

<sup>45</sup> Алматы қалалық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасының 2020 жылғы 10 шілдесіндегі № 7599-20-00-2а/5176 ісі бойынша қаулысы, <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/83a3082e-f8e6-4df4-b7da-20cdb7ad6b7f?document=0f48aa8d-a25e-4159-9c9c-660cd4e49a9b>

позициясын ұстанатындығы байқалады. Сонымен бірге, ҚР АҚ-нің 476-бабының 1-тармағында, «тараптардың біреуі (АҚ-тің 401-бабы 2-тармағының екінші бөлігі) шартты елеулі түрде бұзған жағдайда, шартты (толық немесе ішінара) орындаудан біржақты бас тартуға немесе оны біржақты өзгертуге жол беріледі»<sup>46</sup>. Демек, азаматтық айналым субъектілерінде кез келген шарттан қалаған уақытта негізсіз бас тарту құқығы жоқ. Бірақ, біз жоғарыда атап өткендей ҚР АҚ-нің 404-бабы, шартты орындаудан біржақты бас тарту құқығын, егер бұл шарттың өзімен немесе заңнамамен көзделген жағдайды қоспағанда міндетті түрде белгілі бір негіздердің туындауымен байланыстырмайтындығын атап өттік. Яғни, ҚР АҚ-нің ерекше бөлімінде көзделген кейбір шарттардан заң шығарушы негізсіз кез-келген уақытта бас тарту құқығын береді (сыйға тарту шарты, мүлікті тегін пайдалану шарты, өтемелі қызмет көрсету шарты, көлік экспедиция шарты).

Жоғарыдағылардың негізінде, біз шартты орындаудан біржақты бас тартудың негіздерін жалпы және арнайы негіздер деп қарастырамыз. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың жалпы алғышарттары азаматтық заңнаманың шарттан бас тартуды реттейтін нормада қамтылған. Ал, шартты орындаудан біржақты бас тартудың арнайы негіздері, құқықтық нормада өзіне тән ерекшеліктерді ескере отырып, шарттардың белгілі бір түрлерін бұзу немесе өзгерту мәселелеріне қатысты қатынастарды реттейді. Олар шартты орындаудан біржақты бас тартуды жүзеге асыруды уақыттағы және кеңістіктегі жағдайларын нақтылайды және шарт тараптарының мінез-құлқына құқықтық әсер ету тәсілдерін белгілейді.

ҚР АҚ-нің ерекше бөлімінде саналған жағдайларды қоспағанда, шарттан бас тарту құқығы пайда болу үшін белгілі бір алғышарттар орын алуы тиіс.

### **2.1.1. Шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмаған жағдайда шарттан бас тарту**

К.В. Мукашеваның жіктеуінде көзделген екінші жағдайдағы белгілі бір фактілердің туындауына байланысты шартты орындаудан бас тартудың негіздері ҚР АҚ-нің 404-бабының 2- тармағында тізілген. ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген негізбен шартты

---

<sup>46</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> (09.02.2022 ж. жағдайына)

орындаудан біржақты бас тартуға келесі мысалды келтіруге болады. Қарағанды облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылдың 2 тамызындағы № 3599-21-00-2а/2150 азаматтық ісі бойынша шығарған қаулысы<sup>47</sup>. Сот отырысында талап қоюшы «Кривенцова З.Р» ЖК (әрі қарай – талап қоюшы) және «Теміртау қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Жауапкер) арасында 2019 жылдың 10 маусымында № 17 жалпы білім беретін орта мектебінің балансында тұрған коммуналды мүлікті жалға беру шарты жасалған. Шарттың 19-тармағының 8-тармақшасына сәйкес, мүлікті баланста ұстаушының жазбаша өтініші негізінде жалға беруші шартты біржақты тәртіпте бұзуына жол беріледі. Жауапкер 2019 жылдың 10 маусымында талап қоюшыға шартты біржақты тәртіпте бұзу туралы хабарлама жолдайды. Талап қоюшы сотқа, аталған хабарламаны заңсыз деп тану туралы талап арызбен жүгінеді. Сот қаралып отырған жағдайда жауапкер тарапынан шартты орындаудан біржақты бас тарту Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің 08.1А020 жылғы № 64/1 қаулысы және Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 86/03 «аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға жататын аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін беру туралы» қаулысы негізінде жүргізілгенін анықтады. Хабарламада Теміртау Қ. № 17 жалпы білім беретін орта мектебінің «КММ 15.01.2021 жылғы № 144 теңгерім ұстаушысы облыстық бюджет деңгейіне көшуге және» № 17 ЖББОМ» КММ білім беру ұйымының мүлкін, облыстық коммуналдық меншікке беруге байланысты шарттан бас тартылатындығы айтылған. Жоғарыдағылардың негізінде, сот шартты орындаудан біржақты бас тарту шарттық қатынастардан туындайтын міндеттемелерді орындау мүмкін болмағандығымен байланыстырып, заңды деп таниды.

Немесе, Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-ның 2021 жылғы 24 қарашасындағы № 7119-21-00-2/10613 ісі бойынша шығарған шешіміне<sup>48</sup> назар аударып көрейік. Істің мән-жайынан, талап қоюшы – Ақмола облысы Әкімі аппаратының жанындағы «Облыс әкімінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - ММ) және жауапкер «BI BUSINESS SOLUTION» ЖШС арасында мемлекеттік сатып алу – сату

---

<sup>47</sup> Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасының 2021 жылғы 2 тамызындағы № 3599-21-00-2а/2150 ісі бойынша қаулысы, <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/c3749a87-a907-4dcc-aa49-e0ef8408b019?document=85a3ac2c-6c59-4114-b063-e78d62b45366>

шарты жасалған. Шартқа сәйкес жауапкер ММ-ге жалжымайтын мүлікке кешенді қызмет көрсету бойынша қызметтер атқаруға міндеттенеді. Алайда 2021 жылдың 25 маусымында ММ қызмет көрсетілуі керек жылжымайтын мүлікті А. Сериковаға сатады. 2021 жылдың 29 қыркүйегінде ММ мемлекеттік сатып алулар порталында жауапкермен жасалған қызмет көрсету шартын бұзу туралы қосымша келісім рәсімдеу туралы ұсыныс жолдайды. Алайда, жауапкер аталған ұсынысты қабылдамайды. Сот өз шешімінде, ҚР АҚ 404-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына сілтеме жасай отырып, ММ-нің шарт пәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті сатуына байланысты, жауапкермен жасалған қызмет көрсету шартының талаптарын орындау мүмкін еместігін пайымдайды және ММ-нің шартты орындаудан біржақты бас тартуға деген құқықығын растайды. Демек, сот шартты орындаудың мүмкін еместігіне шартты одан әрі орындаудың орынсыздығы жағдайларын да жатқызады. Бұл ҚР АҚ-нің 374 бабының 2-тармағына тікелей сілтеме жасайды.

Келтірілген істер, шарттан туындайтын міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған жағдайда шарттан бас тартуға құқықтың тек бірнеше мысалы. ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 1-тармақшасы шарттан бас тартуға уәкілетті тарапқа бұл құқықты АҚ-тің 374-бабына сілтеме жасай отырып береді. ҚР АҚ-нің 374-бабына сәйкес, «егер мүмкіндіктің болмауы борышқор жауап бермейтін жағдайлардан туындаса, орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеме тоқтатылады. Бұл ереженің күші ақшалай міндеттемелерге қолданылмайды»<sup>49</sup>. Ереженің ақшалай міндеттемелерге қолданылмайтындығы шарт тұрақтылығының кепілі болып табылады. Жоғарыда баяндалған істе, жауапкер шарттан туындайтын ақшалай міндеттемеден емес, мүлікті жалға беру міндетін орындаудан бас тартуда. Сонымен бірге, аталған негіз бойынша шарттан бас тартуда, бас тартушы тұлғаның кінәсінің болмауы маңызды орын алады. М.К. Сүлейменовтың айтуынша, «егер міндеттеменің орындалуының мүмкін еместігі борышкер жауап беретін жағдайға байланысты болса, ондай міндеттеме тоқтатылды деп есептелмейді, тек өзгереді, себебі, кінәлі тарап үшін орындау міндеті контрагентке келтірілген залалды өтеу, айыппұл төлеу және тағы да басқа міндеттерге айналады. Бұл жерде, іс жүзінде борышкерді жауапкершіліктен босату туралы негіздері орын алады. Жалпы ереже бойынша, мұндай негіз

---

<sup>49</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (09.02.2022 ж. жағдайына)



борышкердің міндеттемені орындау мүмкін еместігі туындаған кезде кінәсінің болмауы болып табылады, яғни борышкер кездейсоқ орындау мүмкін еместігі үшін жауап бермейді»<sup>50</sup>. Бұл орайда, міндеттемені орындау мүмкін болмайтын жағдайда, өз кінәсінің жоқтығын дәлелдеу ауыртпалығы міндеттемені бұзған адамға жүктеледі. Сонымен бірге, ҚР АҚ-нің 374-бабының 3-тармағы, егер міндеттемені несие берушінің әрекеттері кесірінен орындау мүмкін емес болса, онда несие берушінің міндеттеме бойынша атқарылғандарды қайтаруды талап етуге құқығы жоқ екендігін ескертеді.

### **2.1.2. Белгіленген тәртіппен екінші тарапты банкрот деп таныған жағдайда шарттан бас тарту**

Шартты орындаудан біржақты бас тартудың тағыда бір негізі, шарттағы контрагенттің белгіленген тәртіппен банкрот деп танылуы болып табылады (ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 2-тармақшасы). ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы заңына (әрі ұрай – Банкроттық заңнама) сәйкес, «банкрот - заңды күшіне енген сот шешімімен дәрменсіздігі белгіленген борышкер»<sup>51</sup>. Яғни, шарт тараптарының біреуі өз қарыздары бойынша өтемдерді өтей алмайтындай, дәрменсіз жағдайға түскен болса, екінші тарап онымен жасалған шарттан бас тартуға құқылы болып табылады. Бұл норма шарт тарабына борышкердің дәрменсіздігінен туындайтын салдарын алдын алуға мүмкіндік беретін құрал болып табылады. Аталған норманың мазмұнынан шарт бойынша контрагенті банкрот болып танылған шарт тарабының, шарттан біржақты бас тартуға деген дауланбайтын, сөзсіз құқығы айқындалады. Дегенмен, бұл орайда шарттың банкрот деп танылған тарабының (борышкер контрагентінің) ҚР Банкроттық заңнамасы көздеген тәртіппен банкрот деп танылуы, оған шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқық береді ме деген сұрақ туындайды.

ҚР Банкроттық заңнамасының талаптарына сәйкес, өзіне қатысты банкроттық немесе оңалту рәсімі қозғалған борышкерде, егер шарт талаптары оның жағдайын айтарлықтай нашарлататын болса,

---

<sup>50</sup> Сүлейменов М.К.,Басин Ю.Г редакциясы. Комментарий к гражданскому кодексу Республики Казахстан (общая часть). - электронды порталдағы құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1019750&pos=1;-92#pos=1;-92](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750&pos=1;-92#pos=1;-92)

<sup>51</sup> Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V «Оңалту және банкроттық туралы» заңы // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z140000176> (07.03.2022 ж. жағдайына)

кредиторлардың шешімімен шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы болып табылады. Мысалы, Көкшетау қаласының МАЭС – ның 2017 жылдың 21 қарашасында № 1112-17-00-2/2813 ісі бойынша шығарған шешімі<sup>52</sup>. Іс бойынша талап қоюшы - «Ардагер-Неруд» ЖШС –нің оңалту басқарушысы, жауапкер – «Народный сберегательный банк Казахстана» АҚ-на (әрі қарай - Банк) ЖШС-тің Банк алдындағы ақшалай міндеттемесін тоқтату туралы талап арызбен жүгінеді. Істің мән-жайынан, Банкпен «Жардем-2003» ЖШС, «Парасат - 2005» ЖШС, «Ардагер-Неруд» ЖШС –нен тұратын компаниялар тобына кредит беру шарты бойынша 1 250 000 000 тенге соммасында заем берілген. Кейін 2012 жылдың 19 желтоқсанында «Ардагер-Неруд» ЖШС және Банк арасында 500 000 000 тенге көлемінде заем беру шарты жасалады. Шарт бойынша, көрсетілген ақшалай сомма «Жардем-2003» ЖШС, «Парасат - 2005» ЖШС, «Ардагер-Неруд» ЖШС –нің одан бұрын алынған кредиттерін қайта қаржыландыру үшін арналған.

2017 жылғы 23 мамырдағы «Ардагер – Неруд» ЖШС кредиторлар жиналысының хаттамасымен жалпы сомасы 952 526 791,59 теңгеге Банк пен «Ардагер – Неруд» ЖШС арасындағы несиелік берешекті салыстыру актісіне қол қоюдан бас тартады және Банкке шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарлама жіберу туралы шешім қабылданды. Келісім бойынша «Ардагер – Неруд» ЖШС несиелік берешегін қайта қаржыландыру бөлігінде ғана жауапты болу, атап айтқанда: негізгі борыштың қалдығы, оның ішінде 124 112 468 теңге сомасына мерзімі өткен негізгі борыш, оның ішінде 50 044 804 теңге сомасына мерзімі өткен сыйақыны ғана өтеу міндеттемесін алады.

Сот өз шешімінде, Банк және «Ардагер – Неруд» ЖШС арасында жасалған қосалқы заем шартының бұрын жасалған ұқсас шарттармен салыстырғанда шарт борышкерге ауыртпалық салатындығын<sup>53</sup> анықтап, «Ардагер – Неруд» ЖШС-нің шартты орындаудан біржақты бас тарту бойынша іс-әрекетін заңды деп таниды.

---

<sup>52</sup> Ақмола облысының МАЭС-ның 2017 жылдың 21 қарашасындағы № 1112-17-00-2/2813 ісі бойынша шешімі, <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/5db0051c-e90b-43f7-b42d-67f68595d015?document=3ecda127-17d5-4b19-8d84-b3af30ec2912>

<sup>53</sup> Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V «Оңалту және банкроттық туралы» заңының 8-бабының 2-тармағының 2) тармақшасы // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176> (21.03.2022 ж. жағдайына)

Баяндалған істен, шарттың банкрот деп танылған тарабы, ҚР Банкроттық заңнамасының 8-бабының 2-тармағында көрсетілген негіздермен оңалту басқарушысының бастамасымен шарттан біржақты тәртіпте бас тартуға құқықылы екендігі байқалады.

ҚР Банкроттық заңнамасының 8-бабының 1-тармағында, заң шығарушы банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін жасаған шарттардан банкроттық істің қозғалуы бас тартуға негіз болмайтындығы пайымдалған және тараптардың банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін жасасқан, шартты орындаудан бас тарту және банкроттық туралы іс қозғау себебі бойынша осы шарттың қолданысын тоқтату туралы келісімі жарамсыз болып табылатындығын анықтайды. Ал, банкроттық іс қозғалып, борышкер банкрот деп танылғаннан кейін борышкер, контрагенттің банкрот болуы негізімен шартты орындаудан біржақты бас тартуға деген құқығы бар ма?

ҚР 2014 жылғы Банкроттық туралы заңнамасы өз күшіне енгенге дейін орын алған, Маңғыстау облысының МАЭС-ның 2012 жылдың 11 қыркүйегіндегі № 2-1129/3-2012 ісі бойынша шығарған шешіміне назар аударып көрейік<sup>54</sup>. Талап қоюшы - «CES - GROUP» ЖШС-нің конкурстық басқарушысы, жауапкер - «МРЭК» АҚ – на шартты уақытысынан ерте бұзу және заем сомасын қайтару туралы талап арызбен жүгінеді. Істің мәніне сәйкес, сот келесіні оранатады. 2008 жылдың 18 наурызында тараптар «CES - GROUP» ЖШС және «МРЭК» АҚ арасында электроэнергиямен қамтамасыз ету шарты жасалған. Шарт талаптарына сәйкес, тұтынушы («CES - GROUP» ЖШС) мәлімделген қуаттың өндірісімен есептелетін сомада және қосылатын электр қуатының бірлігі үшін 1 кВт үшін төлемақы мөлшерінде қосымша қуаттың қосылуын төлейді, ал энергия беруші ұйым жасалған шарттың тәртібінде және талаптарында қосымша қуаттың қосылғаны үшін төлемді тұтынушыға қайтарады.

«МРЭК» АҚ энергия тұтынушыларының қосымша қосылатын электр қуатын жабу үшін жаңа электр энергетикалық қондырғыларды салумен, қолданыстағыларын кеңейтумен және реконструкциялаумен байланысты «CES - GROUP» ЖШС –нің аванс ретінде өтелеген шығындарын 3 362 533 теңге мөлшеріндегі соманы қайтаруға міндеттенеді. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлем жасаған тұтынушыға ақшалай қаражатты қайтару кестесіне сәйкес қайтару 20.08.2036 жылға дейін 25 жыл ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылуы тиіс.

---

<sup>54</sup> Маңғыстау облысының МАЭС-ның 2012 жылдың 11 қыркүйегіндегі № 2-1129/3-2012 ісі бойынша шешімі, <https://bestprofi.com/document/448940550?22&section=448940553&fs=444028525>

Сот тараптар арасындағы қаражатты қайтару туралы келісімді құқықтық қатынастардың мәні бойынша ұзақ мерзнді пайсыз несие деп тани отырып, ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 2-тармақшасына сілтеме жасай отырып «CES - GROUP» ЖШС-нің банкрот болуына байланысты, шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқығы бар екендігін пайымдайды. Сот өз шешімінде, ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 2-тармақшасымен көзделген, «тараптардың бірі егер Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде өзгеше белгіленбесе, белгіленген тәртіппен екінші тарапты банкрот деп таныған жағдайда шарттан бас тартуға құқылы»<sup>55</sup> нормасына, банкрот ұйымға шартты орындаудан біржақты бас тартуға берілген құқық деп талқылайды.

«Банкроттық рәсімі – кредиторлардың талаптарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен банкроттың мүліктік массасы есебінен қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын рәсім»<sup>56</sup> болып табылуымен байланысты, жоғарыда баяндалған істегідей жағдайлар туындағанда, шарттың банкрот деп танылған тарапына да, шартты орындаудан біржақты бас тарту құқығын беру орынды болып көрінеді.

Сонымен бірге, ҚР Банкроттық заңнамасының 8-бабының 3-тармағына сәйкес, «банкроттықты басқарушы кредиторлар комитетінің шешімі негізінде, банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін жасалған шартты өзгертуге, бұзуға, орындаудан бас тартуға немесе оның жарамдылығына дауласуға, борышкер берген мүлікті қайтаруды талап етуге міндетті»<sup>57</sup>. Бұл орайда, бұл міндет «банкроттық басқарушыға» жүктеліп отыр. Банкроттық басқарушы – банкроттық рәсімін жүзеге асыру үшін оңалту және банкроттық саласындағы, борышкер банкрот деп танылғаннан кейін тағайындалатын уәкілетті тұлға. Демек, борышкер белгіленген тәртіппен банкрот деп танылғаннан кейін, банкроттық басқарушы, кредиторлар

---

<sup>55</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (22.03.2022 ж. жағдайына)

<sup>56</sup> Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V «Оңалту және банкроттық туралы» заңының 8-бабының 2-тармағының 2) тармақшасы // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176> (22.03.2022 ж. жағдайына)

<sup>57</sup> Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V «Оңалту және банкроттық туралы» заңы // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176> (22.03.2022 ж. жағдайына)

комитеттің талабы негізінде борышкердің банкроттық туралы іс қозғалғанға дейінгі шарттардан бас тартуға құқылы.

Жоғарыдағылардың негізінде, біз ҚР АҚ 404-бабының 2-тармағының 2-тармақшасымен көзделген «тараптардың бірі, егер Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде өзгеше белгіленбесе, белгіленген тәртіппен екінші тарапты банкрот деп таныған жағдайда шарттан бас тартуға құқылы»<sup>58</sup> деген норма шарттың екі жақ тарабына да қатысты деп пайымдаймыз. Демек, шарт тараптарының бірі банкрот деп танылған жағдайда, борышкердің контрагентімен қатар, банкрот деп танылған тарапта шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы.

Шарт тараптарының бірінің банкрот болуына байланысты кепіл шартынан бас тартуға байланысты, келесі істерді мысал ретінде келтіруге болады. Павлодар облысының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының № 3А-1643/2012 ісі бойынша шығарған қаулысы <sup>59</sup>. Іс бойынша талап қоюшы – Ругно Л.Г., жауапкер – «Народный банк Казахстана» АҚ-на (әрі қарай – Банк) шартты бұзу туралы талап арызбен жүгінеді. Іс материалдарынан, 2007 жылдың 31 қазанында Банк және Ругно Л.Г. арасында «Евроимпорт» ЖШС міндеттемесін кепілмен қамтамасыз ету шарты жасалған. Алайда, «Евроимпорт» ЖШС-нің банкрот деп танылуына байланысты, Ругно Л.Г. ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 2-тармақшасына сілтеме жасай отырып, Банкпен жасалған кепіл шартынан бас тартатындығын мәлімдейді. Сот өз шешімінде, шарттың екінші тарабын банкрот деп тану негізінде шартты бұзу шарттық қатынастарды банкрот орындау мүмкіндігінің болмауына байланысты мүмкін деген негізделген қорытындыға келді. Алайда, жылжымайтын мүлік кепілі туралы шарт негізінде туындаған қатынастарға, яғни үш жақты келісімге бұл норма қолданылмайды, өйткені кепіл туралы шарт бойынша Шарттың екінші тарабы кепіл берушіге қатысты «Евроимпорт» ЖШС қарыз алушысы «Народный банк Казахстана» АҚ болып табылады. Келтірілген істен, ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 2-тармақшасымен көзделген

---

<sup>58</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- ХІІІ Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (22.03.2022 ж. жағдайына)

<sup>59</sup> Павлодар облысының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2012 жылдың 24 қыркүйегіндегі № 3А-1643/2012 ісі бойынша шешімі, <https://bestprofi.com/document/506912457?23&section=506912665&fs=444028525>

норма, үшінші тұлғаның міндеттемесін қамтамасыз ету үшін жасалған кепіл берушімен кепіл алушының арасындағы шартқа таралмайтындығы байқалады. Бұл мәселедегі соттардың бірінғай ұстанымдылығын Қарағанды қаласының Қазыбекби ауданының аудандық сотының 2016 жылғы 3 тамыздағы № 2/6105 ісі бойынша шығарған шешімі<sup>60</sup> де дәлелдейді.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, біз ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 2-тармақшасымен көзделген, тараптардың бірі банкрот деп танылған жағдайда шартты орындаудан біржақты бас тарту құқығы борышкердің контрагентіне де, банкрот деп танылған тарапқа да тең дәрежеде берілген құқық деп санаймыз. Демек, аталған түсіндірме ҚР Жоғарғы сотының шартты орындаудан біржақты бас тартуды реттейтін ҚР АҚ-нің кейбір нормаларын қолдану туралы қаулысына енгізілуі тиіс.

### **2.1.3. Мемлекеттік органның актісі өзгертілген немесе күші жойылған жағдайда шарттан бас тарту**

ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 3-тармақшасында көзделген, мемлекеттік органның актісі өзгертілген немесе күші жойылған жағдайларда шартты орындаудан біржақты бас тартудың үлгісі ретінде келесі істі қарастыруға болады. Атырау облысының Жылой аудандық сотының 2019 жылдың 23 желтоқсанында № 2336-19-00-2/1064 ісі бойынша шығарған шешімі<sup>61</sup>. Істің мән-жайына сәйкес, талап қоюшы «АТФ Банк» АҚ (әрі қарай - Банк) және жауапкерлер А. Ержанова және М. Ержанова арасында кепілмен қамтамасыз етілген заем шарты жасалған. Шарт талаптарына сәйкес, шарт бойынша дау туындаған жағдайда ол ҚР «Аралық соттар туралы» заңнамасына сәйкес Аралық сотқа қаралады. Бірақ, 2016 жылдың сәуір айында ҚР «Төрелік туралы» заңының қабылдануына байланысты, ҚР «Аралық соттар туралы» заңы өз күшін жойды. Сол себепті, талап қоюшы сотқа шарттың Аралық соттар туралы ережесінің күшін жою үшін талап арызбен жүгінеді. Сот өз шешімінде, ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 3-тармақшасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік органның шығарған актісінің күшін жоюына байланысты талап қоюшының шарттың

---

<sup>60</sup> Қарағанды қаласының Қазыбекби ауданының аудандық сотының 2016 жылдың 3 тамызындағы № 2/6105 ісі бойынша шешімі, <https://bestprofi.com/document/1555607195?24&section=1555607307&fs=444028525>

<sup>61</sup> Атырау облысы Жылой аудандық сотының 2019 жылдың 23 желтоқсанындағы № 2336-19-00-2/1064 ісі бойынша шешімі, <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/ae6dc8ce-da96-485f-be96-6e8938e99a32?document=edd04c7f-4783-4121-868e-3e6cfcb5b461>

кейбір ережелерінің күшін жою туралы талап арызын қанағаттандырады. Сот шешімінің дұрыстығына күмәнданбаймыз, себебі ондай бас тартуға деген құқық АҚ-те тікелей белгіленген. Дегенмен, осы жұмыстың 1.1. тарауында айтылып кеткендей, шартты орындаудан біржақты бас тарту немесе шартты біржақты тәртіпте өзгерту, соттың немесе екінші тараптың араласуынсыз жүзеге асырылатын іс-әрекет және соттың қосалқы, шарттың бас тартылған бөлігінде шарт тоқтатылған деп есептелетіндігі туралы шешімі қажет емес. Талап қоюшының тарапынан контрагентке шартты өзгерту себебін негіздей отырып хабарлама жолдауы жеткілікті болар еді деп санаймыз.

Сонымен бірге, Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-ның 2021 жылғы 2 қарашасындағы № 7119-21-00-2/9615 ісі бойынша шығарған шешімінде<sup>62</sup>, сот талап қоюшының шартты «шарт жасалғанда негізге алынған мемлекеттік органның актісі өзгертілген немесе күші жойылған жағдайға»<sup>63</sup> сүйене отырып шарттан бас тартуын заңсыз деп таниды. Себебі, соттың пайымдауынша, аталған норманы қолдана отырып шартты орындаудан біржақты бас тарту үшін, жасалу уақытында, шарт мемлекеттік органның актісі негізінде жасалуы тиіс. Шындығында да, ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 3-тармақшасының мазмұнынан, шарт жасалғанда негізге алынған актінің өзгертілуі немесе күші жойылуы, шартты орындаудан біржақты бас тартуға негіз бола алады.

Сонымен қатар, ҚР АҚ-нің 404-бабының 3-тармағында, шарт мерзімі көрсетілмей жасалған шарттан біржақты бас тартуға жол берілетіндігі көзделген. М.К. Сүлейменовтың айтуынша, «Шартты бұзу оның мерзімінен бұрын тоқтатылуын білдіреді. Алайда, шарт мерзімі көрсетілмей жасалған жағдайларда шартты бұзу тетігі қандай екені белгісіз болды. Сондықтан 404-баптың жаңа редакциясында 4-тармақ енгізілді, егер заң актілерінде (мысалы, тұрғын үй қатынастары туралы заңдар, жалға берушіге шарттан біржақты бас тарту құқығы берілмеген) немесе шартта өзгеше көзделмесе,

---

<sup>62</sup> Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-ның 2021 жылдың 2 қарашасындағы № 7119-21-00-2/9615 ісі бойынша шешімі, <https://bestprofi.com/document/2629530752?12&section=2635064305&fs=444028526>

<sup>63</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (25.03.2022 ж. жағдайына)

тараптарға мерзімі көрсетілмей жасалған шартты кез келген уақытта бұзу құқығын береді»<sup>64</sup>.

## **2.2. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың арнайы негіздері**

Кейбір жағдайларда тараптар мен соттардың, заңнамада тараптардың біріне шарттан бас тарту құқығын беретін арнайы нормалардың болуын ескермей әрекет етеді. Мысалы, Маңғыстау облысының азаматтық істер бойынша сот алқасының № 4799-21-00-2А/985 ісі бойынша шығарған қаулысы. Істің мән-жайына сәйкес, талап қоюшы «Кәсіби әскерилендірілген авариялық – құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы» мекемесі мен (әрі қарай - Штаб) жауапкер «Международная нефтяная сервисная компания СИНОПЭК Казахстан» ЖШС (әрі қарай - ЖШС) арасында 2019 жылдың 28 желтоқсанында қауіпті өндірістік объектілерге қызмет көрсету туралы шарт жасалған. 2020 жылдың 10 желтоқсанында тараптар шарт мерзімін ұзарту туралы қосалқы келісімге қол қояды. Талап қоюшы Штаб шартпен жүктелген міндеттемелерін тиісті және уақытылы орындайды. Алайда, 2021 жылдың 12 наурызында жауапкер ЖШС талап қоюшы Штабқа шартты 2021 жылдың 15 сәуірінен бастап біржақты тәртіпте бұзытындығы туралы хабарлама жолдайды. 2021 жылдың 15 наурызында талап қоюшы Штаб, жауапкерге шарттан бас тарту үшін құқықтық негіздердің жоқ екендігін пайымдап, шарттан бас тарту туралы хабарламаны қанағаттандырусыз қалдырады. Талап қоюшы, сотқа жауапкердің шарттан біржақты тәртіпте бас тарту бойынша іс-әрекетін заңсыз деп тану туралы талап арызбен жүгінеді. Сотта, тараптардың арасында жасалған шартта, шарттың біржақты тәртіпте бас тарту құқығы көзделмегендігі анықталады. Сонымен бірге тараптар шартты бұзу туралы өз-ара келісімге келмеген. Сол себепті, сот тараптар арасындағы шарт белгіленген тәртіппен бұзылмаған деген қорытындыға келеді және талап қоюшының арызын қанағаттандыру туралы қаулы шығарады.

Баяндалған істен соттың, жауапкердің өтемелі қызмет көрсету шарты бойынша, шартты орындаудан кез-келген уақытта біржақты бас тартуға құқығы бар екендігін ескермегендігі анық байқалады. ҚР АҚ-нің 686-бабының 1-тармағына сәйкес, «тапсырысшы атқарушының іс жүзінде шеккен шығыстарын өтеген жағдайда өтелмелі қызмет көрсету шартын орындаудан бас тартуға құқылы». Демек келтірілген істегі тапсырыс берушу

---

<sup>64</sup> Сүлейменов М.К., Басин Ю.Г. редакциясы. Комментарий к гражданскому кодексу Республики Казахстан (общая часть). - электронды порталдағы құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1019750&pos=1;-92#pos=1;-92](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750&pos=1;-92#pos=1;-92)



(жаупакер) ЖШС талап қоюшының іс-жүзінде шеккен шығыстарын өтеген жағдайда, шартты орындаудан бас тартуға құқылы еді.

Шартты орындаудан біржақты бас тартудың арнайы алғышарттары екі түрлі талапты қамтуы мүмкін:

1) Заңды фактілер (іс-әрекеттер, оқиғалар немесе нақты құрамдар) түрінде шартты орындаудан біржақты бас тартуды қолдану негіздерін білдіретін талаптар;

2) Екі тарапқа да оң міндеттеме жүктейтін шартты орындаудан біржақты бас тарту кезіндегі орындалуы қажет талаптар.

Мысалы, ҚР АҚ-нің 891-бабының 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, «сенім білдірілген мүлікті басқаруды жүзеге асыру сенімгерлікпен басқарушы үшін мүмкін болмауына байланысты сенімгер басқарушы немесе құрылтайшы бас тартқанда» мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты тоқтатылады. Бұл жағдайда заң шығарушы біржақты бас тарту құқығының пайда болуын өзіндік заңды фактімен (сөзсіз дәлелдеуді тадап ететін) – жеке орындау мүмкін еместігімен байланыстырады. Ал, дәл осы баптың 1-тармағының 3-тармақшасында, «сенімгер сенімгер басқарушыға залалдар және шартта көзделсе, сыйақы төленген жағдайда құрылтайшы шартты орындаудан бас тартқанда» мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының тоқтатылуы көзделген. Бұл жерде біржақты бас тарту құқығын тудыратын ешқандай да бір заңды фактілер болжанбайды, тек бас тартуға уәкілетті тараптың екінші тарапқа тиісті шығыстар сомасын төлеуге оң (позитивті) міндеттемесі бекітілген.

Шартты орындаудан біржақты бас тартудың жалпы және арнайы алғышарттарын жіктеуден бөлек, оларды императивті және диспозитивті деп те бөлуге болады. Шарттық құқықтағы диспозитивті нормалар «тараптардың келісімінде өзгеше көзделмегендіктен» ережесі арқылы қолданылатындығы белгілі (ҚР АҚ-нің 404-бабының 4-тармағы). Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы жалпы норманың өзі диспозитивті болып табылады.

Диспозитивті нормалар шартты орындаудан біржақты бас тартудың көптеген жекеленген түрлеріне тән. Мәселен, «сатушы шартта көзделген тауарлардың түр-түрін шартқа сәйкес келмейтін етіп берген кезде сатып алушы оларды қабылдаудан және ақы төлеуден бас тартуға, ал егер оларға ақы төленіп қойған болса, төленген ақша сомасын қайтаруды талап етуге құқылы». Тараптарға шарттан бас тартуға тыйым салуға мүмкіндік беретін ұқсас ереже ҚР АҚ-нің 878-бабында көзделген: «егер шартта өзгеше көзделмесе, комитенттің өз міндеттерін бұзуы тапсырманы комитенттің нұсқауларына сәйкес орындаудың мүмкін болмауына әкеп соғатын немесе атқарудың мүмкін болмауы комиссиянер жауап бермейтін өзге де

жағдайлардың салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, комиссиянердің өзіне алған тапсырманы орындаудан бас тартуға құқығы жоқ» .

Кейбір жағдайларда, құқық нормасымен тараптарға шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқық беріле тұра, тараптар шарттық қатынастарды тұрақтандырғысы келсе, шарттан бас тартуды қолданбау туралы келісімге де келуі мүмкін. Алайда, шарттың мәтініне осындай талаптарды енгізу, шарт тараптарының мүмкіндіктерін айтарлықтай шектейді, сондықтан іс жүзінде мұндай келісімдер жиі кездеспейді. Сонымен бірге, біз алдыңғы бөлімдерде шартты орындаудан біржақты бас тартуды тұлғаның өзінің азаматтық құқықтарын қорғауды жүзеге асыруға бағытталған шара ретінде қарастырдық, ал, шартта шартты орындаудан бас тартуға тиым салу азаматтық айналым субъектілерінің өз құқықтарын қорғауға деген құқығын шектейді. Сонымен бірге, егер шарттардың жекеленген түрлерін реттейтін заң нормаларымен тараптардың біреуіне шартты орындаудан біржақты бас тарту құқығы берілген болса, ондай құқықты шарт мәтініде көздемеу тұтынушының құқықтарын шектеу болып табылады.

Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласының Алматы аудандық сотының 2021 жылдың 26 наурызындағы № 7111-21-00-2/612 ісі бойынша шығарған шешімі . 2020 жылдың 28 қазанында талап қоюшы Айтажнов Е.Ж. (әрі қарай – талап қоюшы) және жауапкер «Winox» спорт кешені (әрі қарай – жауапкер) арасында спорттық-сауықтыру қызметін көрсету туралы шарт жасалған. Шарттың мерзімі 1 жыл. 2020 жылдың 2 желтоқсанында талап қоюшы жауапкердің атына шартты бұзу және өтелген ақша сомасын қайтару туралы шағым жолданады. Талап қоюшы жауапкердің спорт кешеніндегі спортзалға бару, кестеге сәйкес топтық сабақтар, бассейн және саунаны пайдалану сияқты қызметтерге шектеу қойғандығын пайымдап, шартты бұзу және пайдаланылмаған мерзімге өтелген ақша сомасын қайтару туралы талап арызбен жүгінеді. Жауапкер талап қоюшының дәйектерімен келіспей, жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерді жүйелі түрде орындамаған жағдайда ғана талап қоюшы шарттан бас тарта алатындығын хабарлайды. Талап қоюшының бастамасы бойынша шартты бұзу үшін (шартты орындаудан біржақты бас тарту) шартта басқа негіздер көзделмегендігін алға тартады. Сот, өз шешімінде ҚР АҚ-нің 686 бабының 1-тармағына сілтеме жасай отырып, тапсырыс берушінің орындаушының шеккен залалдарын өтей отырып кез-келген уақытта шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы екендігін айқындайды. Сол себепті, шартта тапсырыс берушінің шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқық беретін ережелердің болмауы тұтынушының құқықтарына қысым (шектеу) жасау ретінде бағалап, талап қоюшының талап арызын қанағаттандырады.

Яғни, баяндалған істен шарттың мәтінінде заңнамамен көзделген тараптардың біреуінің шарттан бас тартуға деген құқығын көздемеу, тұлғаның құқығын бұзу болып табылатындығы анықталды. Ондай құқықты шартта көздеу шартты орындаудан біржақты бас тартудың императивті нормаларымен көзделген.

Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы императивті нормалар, керісінше, тараптар үшін қатаң міндетті ережелер болып табылады. Олардың ішінде, ең алдымен, біржақты бас тартуға тыйым салатын нормаларды бөліп көрсету керек. ҚР АҚ-нің 273- бабында белгіленген міндеттемелерді орындаудан бас тартуға жалпы тыйым, азаматтық айналымды тұрақтандыру қажеттілігімен байланысты.

Шартты орындаудан біржақты бас тартуға негіз болатын алғышарттардың үшінші санаты, ол шарт тараптарының біреуінің шарт талаптарының бұзуы болып табылады. Шарттың жекеленген түрлерін реттейтін құқық нормалары шарт талаптары бұзылған жағдайда екінші тарапқа бұзылған шарттан бас тарту құқығын береді. Мысалы, ҚР АҚ-нің 428-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, «егер сатушы тауардың кемшіліктері туралы айтпаған болса, тиісті сапасы жоқ тауар берілген сатып алушы өз қалауы бойынша шартты орындаудан бас тартуға және тауар үшін төленген ақша сомасын қайтаруды талап етуге құқылы»<sup>65</sup>.

Егер шартты орындаудан біржақты бас тартудың негізі болып тараптардың біреуінің шарт талаптарын бұзу болған болса, ондай шартты бұзу фактісі контрагентпен сотта даулануы мүмкін. К.В. Мукашева<sup>66</sup> өзінің шарттан бас тартуға арналған мақаласында, шарттан бас тартушы тұлға өзінің бас тартуын шарттың елеусіз талаптары бұзылған жағдайда да негіздей алады ма деген сұраққа жауап беруге ниеттенген. ҚР АҚ-нің 401-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, «тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт, екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде шарт бұзылады»<sup>67</sup>. Демек, шарт талаптарының бұзылуының едәуірлігі, екінші

---

<sup>65</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> (26.03.2022 ж. жағдайына)

<sup>66</sup> Мукашева К.В. Отказ от договора // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені - 2006. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30052194](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30052194)

<sup>67</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (26.03.2022 ж. жағдайына)

тарапқа ондай шартты сот тәртібінде бұзуға жол береді. Ал, ҚР АҚ-нің шартты орындаудан біржақты бас тартуға арналған 404-бабы, 401-баптағыдай ұқсас норманы қамтымайды, шарт талаптарының бұзылуының елеулігі туралы ереже жоқ. Жоғарыдағылардың негізінде, К.В. Мукашева, «егер заң талаптарымен шарт тараптарының біреуінің шарттан бас тартуға құқығы көзделген босла, ондай шарттан бас тарту шарт талаптарының бұзылуының елеулілігінің дәрежесіне қарамастан жүзеге асырылады»<sup>68</sup> деп пайымдайды. Дегенмен, ҚР АҚ-нің ерекше бөлімімен, шартан тек шарт елеулі дәрежеде бұзылған жағдайда ғана бас тартуға мүмкіндік беретін нормалар бар. Мысалы, ҚР АҚ-нің 476-бабымен көзделген тауарды жеткізу шартынан бас тарту. Аталған баптың 2-тармағы шарттың қандай жағдайларда елеулі бұзылған болып саналатындығы көрсетілген (кемшілігі бар, сапасы лайықсыз тауарды жеткізу; ақы төлеу мерзімдері бұзылғанда және т.б.). Бізде, бұл орайда өзіміздің шарттың елеулі дәрежеде бұзылуына арналған мақаламызда, соттардың бұзушылықтың елеулігін анықтау үшін қандай ерекше белгілерге назар аударғанды жөн деген сұраққа жауап берген едік. Кішігірім зерттеу негізінде, біз «сот шартты бұзудың едәуірлігінің дәрежесін бағалау кезінде міндетті түрде келесі белгілерді ескере отырып жүзеге асыруы керек:

- шартты бұзудан теріс салдардың туындауы;
- шарт талаптарының күткен нәтижеге қол жеткізе алмауы;
- айрылып қалған пайданың орын алуы және оның мөлшері;
- несие берушінің шартты орындауға деген қызығушылығы;
- шарттың елеулі ережелерінің бұзылуы. Сонымен бірге, сотпен соңғы және әділ шешім шығару жолында аталған белгілердің әр қайсысы ескерілуі керек»<sup>69</sup> деген қорытындыға келдік.

Шартты орындаудан біржақты бас тартудың негіздеріне арналған бөлімдерді қортындылай келе, ондай алғышарттардың жалпы және арнайы болып табылатындығын анықтадық. Сонымен бірге тәжірибеде, соттар мен шарт талаптарының әр жағдайда да шартты орындаудан біржақты бас тартуға АҚ-тің жалпы бөлімімен көзделген негіздердің болмауына қарамастан, ондай бас тартуды жүзеге асыруға деген ерекше (арнайы) негіздердің болуын ескермейтіндігінің проблемасы бар екендігі айқындалады. Аталған мәселенің шешу жолы, жоғарыда бірнеше рет

---

<sup>68</sup> Мукашева К.В. Отказ от договора // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені - 2006. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30052194](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30052194)

<sup>69</sup> К.А. Шортабай. Шартты едәуір дәрежеде бұзудың негізгі белгілерін анықтау // Science and education in the modern world: challenges of the XXI century. 2021. – 57 – 61 беттер

айтылып өткен ҚР Жоғарғы сотының тиісті нормативтік қаулысын шығаруда деп санаймыз.

### **2.3. Шартты орындаудан біржақты бас тартуды жүзеге асыру тәртібі**

Заңнама мен доктринада тараптардың келісімі бойынша немесе тараптардың бірінің бастамасы бойынша сот тәртібімен шартты бұзудың тәртібі егжей-тегжейлі көрсетілген, яғни бұл жағдайда міндеттемелерді орындаудан бас тартудың заңдылығын анықтау қиын емес. Ал, шартты, одан біржақты тәртіппен бас тарту арқылы бұзу мәселесі ерекше назар аударуға тұрарлық. Заңнамада шартты орындаудан біржақты бас тартудың саты-сатысымен ерекше тәртібі көрсетілмеген. Жалпы нормаға сәйкес, «егер АҚ-те, басқа да заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда бір тарап бұл туралы екінші тарапқа бір айдан кешіктірмей ескертуге тиіс» (ҚР АҚ 404-бабының 4- тармағы)<sup>70</sup>. Келтірілген құқық нормасынан шартты орындаудан біржақты бас тарту кезінде екінші тарапқа, яғни контрагентке қандайда бір талаптар қойылмайтындығы айқын. Барлық процедуралық ережелер шартты орындаудан біржақты бас тартуға уәкілетті тұлғаға арналған.

ҚР АҚ-нің 404-бабының 4-тармағының мазмұнынан, шартты орындаудан бас тартушы тұлға өзінің контрагентіне бас тарту туралы хабарламаны 1 ай бұрын жолдау арқылы жүзеге асыратындығы анық. Дегенмен, тәжірибедегі шартты орындаудан біржақты бас тартудың процедуралық тәртібін тани білу үшін келесі іске назар аударып көрейік.

Астана қаласының МАЭС-ның 2018 жылдың 5 ақпанындағы № 7119-17-00-2/17248 ісі бойынша шығарған шешімі<sup>71</sup>. Істің мәніне сәйкес талап қоюшы «Allur Auto» ЖШС (әрі қарай – Талап қоюшы) және жауапкер «Астана LRT» ЖШС (әрі қарай – жауапкер) арасында 2014 жылдың 5 қарашасында саны 22-ге тең автобустарды сатып алу – сату шарты жасалған.

---

<sup>70</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- ХІІІ Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (26.03.2022 ж. жағдайына)

<sup>71</sup> Астана қаласының МАЭС-ның 2018 жылдың 5 ақпанындағы № 7119-17-00-2/17248 ісі бойынша шешімі, <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/57e87876-3b7d-4164-b92b-fb92c7dd3e0c?document=ea6cc619-d842-4b84-9acd-ff570ea90e12>

2017 жылдың 14 тамызында шарт бойынша 20 автобус сатып алушы (Астана LRT) беріледі. 2017 жылдың 5 қыркүйегінде жауапкер талап қоюшыға шартты бұзу туралы хабарлама жолдайды. Талап қоюшы сотқа хабарламада шартты бұзудың негіздері мен шарттың бұзылу мерзімі көрсетілмеу себебінен хабарламаны жарамсыз деп тану және шартты орындаудан біржақты бас тартуды заңсыз деп тану туралы талап арызбен жүгінеді. Сот отырысы барысында, тараптар арасында жасалған шартта, егер тараптардың бірі үшін шартты орындау маңызсыз болып қалатын болса, онда ол ондай шарттан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы. Жауапкер шарттан, Астана қаласының бекітілген қоғамдық көлік жобасының болмауы себебінен бас тартқандығы белгілі. Сонымен қатар, сот жауапкермен жіберілген хабарламада шарттан бас тартудың себептері мен шарттың бұзылу мерзімі көрсетілгендігін растайды, сол себепті талап қоюшының арызы қанағаттандырусыз қалдырады. Іс бойынша шығарылған шешіммен біз толықтай келісеміз. Дегенмен. ҚР АҚ-нің 404-бабының 4- тармағында, контрагентті шарттан бас тарту туралы қандай тәртіпте ескертуге тиіс екендігі жөнінде сөз қозғалмайды.

Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы ескертудің хабарлама жолдау түрінде жүзеге асырылуы керек екендігі анық. Алайда, хабарламада қандай ақпарат орын алуы керек деген сұрақ туындайды.

Павлодар облысының МАЭС-ның 2018 жылдың 28 наурызында № 5501-18-00-2/183 ісі бойынша шығарған шешімінде<sup>72</sup>, сот шарттан бас тарту туралы хабарламаның дұрыс рәсімделмеу себебінен, ондай бас тартуды заңсыз деп таниды. Іс материалдарынан, талап қоюшы «Маргарян Р.С» ЖК және жауапкер «Павлодарэнергосбыт» ЖШС – нің арасында 2016 жылдың 1 қаңтарында электроэнергеиямен қамту шарты жасалғандығы белгілі. 2016 жылдың 17 шілдесінде жауапкер талап қоюшы кәсіпкерге шарттың 11.11 тармағына сәйкес шартты орындаудан бас тартатындығы туралы хабарлама жолдайды. Сотта тараптар арасында жасалған шарттың 11.11 тармағы шартты орындаудан біржақты бас тартудың 6 түрлі негізі көзделгендігі орнатылады. Сонымен бірге ҚР АҚ-нің 404-бабыда шартты орындаудан бас тартуға негіз беретін 3 жағдайды көздейді. Бірақ, жауапкер талап қоюшыға жіберген хабарламада шарттан бас тартуының нақты себебін көздемей, тек шарттың 11.11 тармағына жалпы сілтеме жасаған. Сот отырысында

---

<sup>72</sup> Павлодар облысының МАЭС-ның 2018 жылдың 28 наурызындағы № 5501-18-00-2/183 ісі бойынша шешімі, <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/308e8436-5e8e-462b-b061-6aac30fe4057?document=e85f9aef-817d-4134-b2cb-c4e1a53b0a14>

жауапкер, шарттан шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмағандығы себебінен (ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 1-тармақшасы) бас тартқандығын паймдайды. Сот өз шешімін ҚР АҚ-нің 404-бабының 4-тармағына негіздейді: «егер АҚ-те, басқа да заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда бір тарап бұл туралы екінші тарапқа бір айдан кешіктірмей ескертуге тиіс». Сонымен бірге, сот шарттан бас тарту туралы хабарлама тиісті түрде (тиісті түрде рәсімделіп) жолдануы керек екендігін қорытындылай отырып, талап қоюшының шартты орындаудан біржақты бас тартуды заңсыз деп тану туралы талабын қанағаттандырады.

Баяндалған істен, соттар тараптардың біреуінде шартты орындаудан біржақты бас тартуға жеткілікті негізі бола тұрып, ондай бас тарту туралы хабарламаны тиісті жолдамаған жағдайда шартты орындаудан біржақты бас тартуды заңсыз деп танытындығы байқалады.

Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламаның тиісті рәсімделуі және онда ең бастысы шарттан бас тартудың негізінің егжей-тегжейлі көзделуінің тәжірибелік маңызы зор. Тараптардың біреуі шарттан туындайтын міндеттемелерді орындай алмаған жағдайда, ондай орындайалмаушылықтың туындау негізін, жағдайын хабарламада міндетті түрде көздеуі тиіс. Себебі, бұл жағдайда екінші тарап шартты орындаудан біржақты бас тартуды жарамсыз (заңсыз) деп тану үшін сотқа жүгіну құқығына ие болуы қажет.

Ал егер, шарттан бас тарту міндеттемені орындай алмау емес, басқа себептермен (мысалы контрагенттің банкроттығы) жүзеге асырылатын болса, онда шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарлама оған себеп болған фактілердің дәлелін қамтуы керек. Мысалы, соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімі және тағы да басқа.

Сонымен бірге, шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламаның тиісті түрде рәсімделуіне оның адресаттың мекен-жайына немесе қолына тікелей жолдануында көздейді деп ойлаймыз. Бұл орайда, заңды тұлғаларға қатысты ҚР АҚ-нің 39-бабының 3-тармағында көзделген ереже жұмыс жасайды. ҚР АҚ-нің 39-бабының 3-тармағына сәйкес, «үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда заңды тұлға нақты мекенжайының бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайына сәйкес келмейтініне сілтеме жасауға құқылы емес. Бұл ретте, үшінші тұлғалар заңды тұлғаға почталық және өзге де хат-хабарды бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайына да,

нақты мекенжайына да жіберуге құқылы»<sup>73</sup>. Яғни, егер шарттан бас тартушы тарап, шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламаны тиісті түрде өзінің заңды тұлға түріндегі контрагентіне, оның бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекен жайына немесе нақты мекен жайына жолдауға құқылы болып табылады. ҚР АҚ-сі, Ресей Федерациясының АҚ-і сияқты, заңды маңызы бар хабарламалардың жодануы мен қабылдануы туралы ережелерді қамтымайды. Дегенмен, хат-хабар алмасудың жалпы ережелеріне сәйкес, біздің ойымызша, шарттан бас тарту туралы хабарлама тиісті мекен-жай бойынша жеткізілген жағдайда, адресат бас тарту туралы өтінішті іс-жүзінде алған жағдайда емес, ол тиісті мекен-жай бойынша адресатқа жеткізілген жағдайда құқықтық мәніне ие болады.

Оның үстіне, шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарлама бас тарту туралы ескертпе ғана емес, тараптың шартты бас тартуға деген құлқы, яғни еркі айқын көрінуі керек.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, шартты орындаудан біржақты бас тарту жарамды және заңды болуы үшін, ондай бас тартудың негізді болуымен қатар ондай бас тартуға деген ниеттің, яғни бас тартушы тұлғаның еркінің дұрыс рәсімделуі де зор маңызға ие. Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарлама, бас тартушының контрагентіне:

- 1) Уақытылы;
- 2) Контрагенттің нақты немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайына;
- 3) Бас тартуға негіз болған жағдайлардың егжей-тегжейлі түсіндірмесімен;
- 4) Бас тартуға негіз болған фактілердің дәлелдемесін қоса отырып;
- 5) Бас тартушының шарттан бас тартуға деген нақты еркін білдіруі керек.

Жоғарыда айтылғандармен қатар, заңнамада бас тартудың нысаны айқындалмаған шарттардың түрлері де бар. Мысалы, бөлшектеп сатып алу-сату шарты. Заңнама мен тәжірибені саралай отырып, біз бөлшектеп сатып алу – сату шартынан бас тарту көбінесе әрекетсіздік, яғни сатып алушының белгілі бір әрекеттерді орындаудан бас тартуымен жүзеге асырылатындығын байқадық. Сатып алушы, шарттан бас тарта отырып, тауарды қабылдап

---

<sup>73</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (30.03.2022 ж. жағдайына)



алуға келмей қалуы немесе тауарды қабылдаумен байланысты іс-әрекеттерді жасамауы мүмкін. Сонымен қатар, сатып алушы шарттан бас тартуды, шартпен көзделген мерзім ішінде тауардың құның өтемеу арқылы да көрсетуі мүмкін. Тауардың құның өтемеу, кез-келген жағдайда да бас тарту болып табылатындығы маңызды. Егер сатып алушы тауардың құның кешіктіріп өтейтін болса, бұл жағдай тараптарға бөлшектеп сатып алу- сату бойынша жаңа шарт жасасуына негіз болып табылады.

Мүдделі тұлғаларға, шарттан бас тарту туралы хабарламаны жеткізу тәртібі де заңнамамен реттелмеген. Біздің ойымызша, ол шарттан бас тартушы тұлғаның ауызша хабарламасы жүзінде іске асырылуы мүмкін. Біз шартты орындаудан біржақты бас тартудың нысанына қатысты, оны біржақты мәміле ретінде қарастырғанда тоқталған болатынбыз. Егер, шартты орындаудан біржақты бас тарту біржақты мәміле болып табылатын болса, онда оған мәміле туралы жалпы ережелер таралуы тиіс. Яғни, егер тараптар арасындағы шарт жазабша нысанда жасалған болса, онда ондай шарттан бас тарту туралы хабарлама да жазбаша нысанда рәсімделеді, ал шарт ауызша нысанда жасалған болса, ондай шарттан бас тарту контрагентке ауызша хабарлау арқылы жүзеге асырылады.

#### **2.4. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық салдары**

Ең алдымен, біз жұмысымыздың 1.2. бөлімінде анықтағанымыздай, шартты орындаудан біржақты бас тарту біржақты мәміле болып табылатындығын еске түсіргеніміз жөн. Шартты орындаудан біржақты бас тарту, қосалқы (көмектесуші) мәміле ретінде бұрын орын алған құқықтық қатынастарды тоқтатуын немесе өзгеруін тудырады. Шарт тараптарының біріне берілген мұндай шарттан біржақты бас тарту құқығы, тұтастай алғанда бүкіл құқықтық қатынастардың динамикасына әсер етуге құқығы бар субъектінің ерекше мүдделерін қанағаттандыруға арналған. Демек, шартты орындаудан біржақты бас тарту біржақты мәміле ретінде арнайы құқықтық қатынастарды тоқтату (ішінара бас тарту құқықтық қатынастарды өзгертуге бағытталған) мақсатын көздейді.

Шартты орындаудан біржақты бас тартуды шартты бұзудан айыра білу керек екендігін біз жұмысымыздың 1.2. бөлімінде атап өткенбіз. Келтірілген талқылаудан, біз егер шарттық қатынастар екінші тараптың немесе соттың қатысуымен жүзеге асырылатын болса, онда ол шартты бұзу, ал егер шарттық қатынастар шарттан бас тартушы тұлғаның еркімен, үшінші тұлғалардың келісімсіз жүзеге асырылса, онда ол шартты орындаудан біржақты бас тарту болып табылады.

Заманауи азаматтық заңнама тұрғысынан, шартты орындаудан біржақты бас тартуды қолдану арқылы сот тәртібімен шарттан бас тарту шарттық міндеттемелерді бұзудың заңды негіздері болып табылады. Жұмыс барысында сараланған сот тәжірибесі шартты орындаудан біржақты бас тарту мен шартты бұзу терминдерінің араласып кеткендігін айқын көрсетеді. ҚР АҚ-нің 401-бабының 3-тармағына сәйкес, «шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту (АҚ-тің 404-бабы) шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептеледі»<sup>74</sup>. Демек, шартты орындаудан біржақты бас тартудың салдары болып шарттың бұзылуы табылады. Заңнама шартты орындаудан біржақты бас тартуды шартты бұзу және өзгертудің бір тәсілі ретінде қарастырады. Дегенмен, шартты орындаудан біржақты бас тарту да, шартты бұзумен қатар шарттық қатынастардың тоқтатылуының негізі болып табылады.

Сонымен, шартты орындаудан біржақты бас тартудың салдарының бірі болып, шарттық қатынастардың тоқтатылуы немесе өзгертілуі табылады.

Шартты орындаудан біржақты бас тартуды шарттық міндеттемелердің тоқтатылуына әкеліп соқтыратын заңды факт ретінде қарастыру себебінен, ондай тоқтатылудың сәтін айқындау маңызды болып көрінеді. Сондай-ақ, шартты орындаудан біржақты бас тарту, шартты өзгерту немесе тоқтатудың болашаққа бағыталғандығын есте ұстаған жөн. Сондықтан да, ол міндеттемелерді орындау нәтижесінде туындаған құқықтық салдардың тоқтатылуына немесе күшін жоюына әкеліп соқпайды, тараптар шарт бойынша алуға құқылы болған құқытарға біржақты бас тарту сәтіне дейін ие болады. Мысалы, жеткізу мерзімі бірнеше рет бұзылуына байланысты тауарларды партиялармен жеткізуді көздейтін ұзақ мерзімді шарттан бас тартуды шешкен тауар жеткізілімі шарты бойынша сатып алушы алдыңғы кезеңдерде өзі қабылдаған тауарға деген меншік құқығын жоғалтпайды.

Осы жұмыстаң 1.2. бөлімінде көрсетілгендей, шартты орындаудан біржақты бас тартуды біржақты мәміле ретінде, тек тиісті түрде тараптың еркін ғана емес, шарттың қарама-қарсы тарабының қабылдауын қажет етеді. Бұл жағдайда, егер заңда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмеген болса, бас тартушы тараптың контрагенті бас тарту туралы ақпаратты қабылдау сәті ретінде, шартты орындаудан біржақты бас тарту қолданған кезде шарт бойынша міндеттемені тоқтату немесе өзгерту сәті деп анықтаған дұрыс болып көрінеді. Мысалы, тауар жеткізілімі шарты

---

<sup>74</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (30.03.2022 ж. жағдайына)

орындаудан біржақты бас тартуда, «бір тарап шартты өзгерту немесе оны орындаудан біржақты бас тарту туралы екінші тараптан хабар алған кезден бастап, егер хабарда шартты бұзудың немесе өзгертудің өзге мерзімі көзделмесе не тараптардың келісімінде белгіленбесе, тауар жеткізілімі шарты бұзылған немесе өзгертілген деп есептеледі»<sup>75</sup> (ҚР АҚ-нің 476-бабының 5-тармағы). Шарттың шарттан бас тарту арқылы бұзылуының сәтін анықтау үшін Алматы қаласының МАЭС-ның 2017 жылдың 12 қазанындағы № 7527-17-00-2/9030 ісі бойынша шығарған шешіміне<sup>76</sup> назар аударып көрейік. Түркістан қалалық орталық емханасы (әрі қарай – Талап қоюшы) сотқа жауапкер «OLL TOWINN LTL» жасалған шартты бұзу туралы талап арызбен жүгінеді. Өзінің талабын, тараптар арасында 2017 жылдың 29 мамырында міндеттемені орындау мерзімі 15 күнтізбелік күнді құрайтын тауар жеткізілім шарты жасалғандығы, алайда жауапкер шартпен көзделген мезгілде өз міндетмесін орындамағандығымен негіздейді. Тауар уақытылы жеткізілмейді, жауапкер талап қоюшының қоңырауларына жауап бермейді және кешіктіріп болса да міндеттемені тиісінше орындау туралы хабарламалар да түсіпейді. Тараптар арасында жасалған шарттың 7.4. тармағына сәйкес, егер, жеткізуші тауарды жеткізу мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімге кешіктірген жағдайда, тапсырыс беруші жалпы сомманың 0,1 пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп ала отырып, шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. 2017 жылдың 11 шілдедегі жолданған шартты бұзу және мерзімді өткізіп алу үшін тұрақсыздық айыбын өтеу туралы хабарламаға жауапкер тарапынан ешқандай жауап келіп түспейді. Сот отырысы барысында, жауапкердің өзіне жүктелген тауарды жеткізу бойынша міндеттемесін тиісті орындалмағаны өз дәлелін табады. Сот өз шешімінде тараптар арасында жасалған шарттың 9.1. және 9.2. тармағына сілтеме жасайды: тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез-келген хабарлама төленген тапсырыс хатымен, телеграф, факс, телефакс арқылы немесе веб портал арықылы жолданады. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену күні көрсетілген болса, сол күннен бастап күшіне енеді. Демек, соттың пайымдауынша тараптар арасындағы

---

<sup>75</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> (1.04.2022 ж. жағдайына)

<sup>76</sup> Алматы қаласының МАЭС-ның 2017 жылдың 12 қазанындағы № 7527-17-00-2/9030 ісі бойынша шешімі, <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/5de7d7a5-7e52-42dd-b8e8-fad1b0a0369d?document=988550aa-b082-43a3-9612-0328a563f9cd>

шарт талап қоюшымен хабарлама жіберілген сәтте 2017 жылдың 14 шілдесінде бұзылған және ондай бұзуды сот тәртібімен заңды деп танудың қажеттілігі жоқ.

Келтірілген істен, соттардың шарттық қатынастардың тоқтатылуының, шарттың бұзылуының сәтін хабарламаны жолдау сәтімен айқындау ұстанымы байқалады.

Сонымен бірге, шартты орындаудан біржақты бас тарту кезінде, контрагенттің бас тартушы тұлғаның ерік білдіруін қабылдау сәті бас тартудың құқықтық салдары туындаған сәтке сәйкес келмеуі мүмкін. Біржақты бас тартудың құқықтық салдарының басталуы белгілі бір мерзімнің аяқталуымен байланысты болуы заңда немесе шартта көзделген жағдайлар болуы мүмкін. Мұндай тұжырым толығымен әділ және шартты орындаудан біржақты бас тарту ерік автономиясы қағидатын іске асыру жағдайларының бірі болып табылады деген ұйғарымды растайды. Яғни, біржақты бас тартуға субъективті құқығы бар тарап бұл құқықты өз еркімен және өзінің мүддесіне сәйкес жүзеге асырады және осы құқықты іске асыру салдарының басталу мерзімін өздігімен белгілей алады.

Шартты орындаудан біржақты бас тартуды реттейтін жалпы нормасымен, ондай бас тарту туралы хабарламаны жолдаудың бір айлық мерзімі көзделген. Кейбір жағдайларда, шарттың жекеленген түрлерін реттейтін нормалар контрагентті алдын ала ескертудің үлкенірек мерзімі де көзделуі мүмкін. Ондай мерзімдердің көзделуі, қарама-қарсы тараптың мүдделерінің айтарлықтай дәрежеде зардап шегу тәуекелімен байланысты. Мұндай нормалардың мағынасына сәйкес, ескерту мерзімі ішінде тараптардың құқықтары мен міндеттері өз күшін сақтайды. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық салдары тек ескерту мерзімі толықтай өткеннен кейін ғана болады.

## **2.5. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың шетел тәжірибесіндегі көрінісі**

Шетелдік заңнама, Қазақстандық және Ресейлік сияқты, шарттан бас тарту негіздеріне тисігі көңіл бөлмейді. Мысалы, ГФР Азаматтық кодексі де шарттан біржақты бас тартуға арналған, тек «шартта шарт тарабына шарттан бас тарту құқығы берілуі мүмкін» деген тым айқын емес нұсқау бар. Ал, ҚР АҚ-нің 404 бабында, орындаудан біржақты бас тартуға АҚ-те, өзге де заң актілерінде немесе тараптардың келісінде көзделген жағдайларда жол берілетіндігі көзделген. Бұл норма, тараптарға берілген бас тартуға деген құқықтың шектерін одан әрі кеңейтеді. Заң шығарушының бас тарту негіздеріне мұндай назар аудармауы, әсіресе шарттардың едәуір бөлігі бір

тарапты екiнiшi тарап ұсынған стандартты нысанға қосу арқылы жасалатының ескерсек, тараптар мүдделерiнiң теңгерiмiн едәуiр бұзуға әкелiп соғуы мүмкiн. Егер мұндай шартты заңды түрде қосылу шарты ретiнде анықтау мүмкiн болмаса да, бұл әдiс әдетте, тиiстi шарттар ұсынылған тараптың құқықтары мен заңды мүдделерiне нұқсан келтiруi мүмкiн.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамаға қатысты бұл проблема көптеген елдердiң заңнамаларында егжей-тегжейлi шешiлдi. Мысалы, Грузия АҚ-нiң 347-бабы, ұсыныс жасаған тарап кәсiпкерлiк қызметпен айналыспайтын жеке тұлғаларға қатысты қолданылатын шарттың стандартты талаптарының, атап айтқанда, ұсыныс жасаған тарапқа негiсiз және шартта көрсетiлген негiздерсiз өз мiндеттемелерiн орындаудан бас тартуға құқық беретiн ережелердiң жарамсыздығын белгiлейдi<sup>77</sup>.

Молдова Республикасының Азаматтық кодексiнiң 718-бабының «С» тармағына сәйкес, стандартты шарттық талаптардан, оның iшiнде стандартты шарттарды пайдалушының шартта көрсетiлмеген негiзбен объективтi себепсiз мiндеттемеден босату құқығы туралы талап жарамсыз деп танылады. Алайда, бұл ереже дәйектi орындаумен мiндеттемелерге қоладылмайды<sup>78</sup>.

Австралия заңы шарттың әдiлетсiз (адал емес) талаптарының мысалы ретiнде, тараптың бiреуiне шарттан бас тарту құқығын беретiн шартты ұсынады. Бұл ретте Виктория штатының (Австралия) адал сауда туралы Заңына түсiнiктемеде, мұндай шарт, әдетте, мынадай факторларды ескере отырып, әдiлетсiз болып табылатыны атап көрсеткен: тұтынушының ұқсас құқығының болмауы; тұтынушы тарапынан шартты елеулi және елеусiз бұзушылықтардың арасындағы айырмашылықтың болмауы; тұтынушының кiнәсiн тегiстеу мүмкiндiгiнiң болмауы және т. б.

Еуропа Кеңесiнiң 1993 жылғы 5 сәуiрдегi 93/13/ЕЕС «тұтынушылармен жасалған шарттардағы әдiлетсiз жағдайлар туралы» директивасына сәйкес<sup>79</sup>,

---

<sup>77</sup> Грузия мемлекетiнiң 1997 жылдың 26 маусымындағы № 786 Азаматтық кодексi // «Законодательный Вестник Грузии» құқытық-ақпараттық жүйесi, <https://matsne.gov.ge/ru/document/view/31702?publication=117>

<sup>78</sup> Молдова Республикасының 2002 жылдың 6 маусымындағы № 1107-ХV Азаматтық кодексi // «Параграф» құқықтық ақпарат кешенi, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30397878&pos=3;-92#pos=3;-92](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30397878&pos=3;-92#pos=3;-92)

<sup>79</sup> Еуропа экономикалық одағының 1993 жылғы 5 сәуiрiндегi «Тұтынушылармен жасалған шарттардағы әдiлетсiз жағдайлар туралы директивасы» // «Кафедра интеграционного и европейского права МГЮА» электронды порталы, <https://eulaw.edu.ru/spisok-dokumentov-po-pravu-evropejskogo-soyuza/dokumenty-o-pravah-cheloveka-i-grazhdanina/normativnye-akty-o-svobode-peredvizheniya-tovarov->

тұтынушыға зиян келтіретін шарт бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттеріне айтарлықтай теңгерімсіздік тудыратын шарт әділетсіз болып табылады. Тұтынушымен арнайы келісу нысанасы болмаған шарт қана әділетсіз деп танылуы мүмкін (3-баптың 1-тармағы). Атап айтқанда, Директива сатушыға (Орындаушыға) егер тұтынушыға осындай мүмкіндік берілмесе, қандай да бір дәлелді себепсіз шартты ерікті негізде бұзу құқығын беретін шарт талабын әділетсіз деп санайды.

Мұндай реттеу тұтынушылар мен келісімшарттың стандартты талаптарын пайдаланатын адамдар мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы, келісімшарттан біржақты бас тартудың неғұрлым мұқият құқықтық реттелуі ГФР Азаматтық кодексінен көзделген.

ГФР Азаматтық кодексіне сәйкес, шартты орындаудан бас тарту, екінші тарапқа жолданатын өтініш арқылы жүзеге асырылады. Шартта тұрақсыздық айыбы көзделген жағдайда, біржақты бас тарту құқығын белгілеуге жол беріледі. Егер, шартпен бас тарту көзделген болса, алушы тарап алуға құқығы болған заттың кездейсоқ жойылуы орын алған жағдайда да жоққа шығарылмайды. Алайда, егер шарттан бас тартуға құқығы бар тарап алынған затты берудің айтарлықтай нашарлауына, жойылуына немесе өзге де себеппен туындауына кінәлі болса, сондай-ақ егер құқықты тарап алынған затты өңдеу арқылы өзге де түрдегі затқа айналдырса, бас тарту мүмкін емес.

ГФР Азаматтық кодексінің 346-параграфында, шарттан бас тартқан жағдайда, екі тарап бір-біріне алғандарының бәрін қайтаруға міндетті екендігі қарастырылған. Осылайша, реституция орын алады. Көрсетілген қызметтер, сондай – ақ берілген затты пайдалану олардың құны бойынша төленуі тиіс, ал егер қарсы орындау шартта ақшалай нысанда белгіленсе-тиісті ақша сомасы төленуі тиіс. Ондай норма ҚР АҚ-де де көзделген.

Дәл сол заңнаманың 355-параграфында, егер шарттан бас тарту құқығын жүзеге асыру үшін мерзім белгіленбесе, екінші тарап заңды тарапқа осы құқықты жүзеге асыру үшін мөлшерлес мерзім тағайындай алады делінген. Егер бас тарту туралы көрсетілген мерзім өткенге дейін мәлімделмесе, шарттан бас тарту құқығы тоқтатылады.

Француз заңының неміс заңынан айырмашылығы, жалпы ереже бойынша, несие беруші шартты бұзу құқығын осы актіге рұқсат бермейтін сот шешімінсіз пайдалана алмайды. А. Г. Карапетов атап өткендей, бұл тәсіл nul ne peut faire justice a soi-meme римдік-құқықтық принципіне негізделген

---

[lits-i-uslug/direktiva-soveta-ot-5-aprelya-1993-g-o-nespravedlivyh-usloviyah-v-dogovorah-s-potrebitelyami-93-13-ees-perevod-a-o-chetverikova/](https://lits-i-uslug/direktiva-soveta-ot-5-aprelya-1993-g-o-nespravedlivyh-usloviyah-v-dogovorah-s-potrebitelyami-93-13-ees-perevod-a-o-chetverikova/)

және өзін-өзі қорғауға Француз құқығына тән жалпы теріс көзқарасты көрсетеді<sup>80</sup>. Шартқа біржақты бас тарту құқығын қосу мүмкін, бірақ бас тарту негіздері шартта нақты жазылуға тиіс, сондай-ақ іске асырудың соттан тыс тәртібі тікелей көрсетілуге тиіс. Сонымен бірге, сот практикасы кредиторға бұзуға санкция алу үшін сотқа жүгінудің қажеті жоқ бірқатар жағдайларды қарастырады: 1) Тараптар арасындағы сенімге негізделген шарт бұзылған кезде; 2) кредиторда шартты шұғыл түрде бұзу үшін дәлелді негіздер болған кезде немесе 3) кредитордың шартты бұзуға қатысы жоқ өте өрескел бұзушылық болған кезде. одан әрі ынтымақтастықтың мүмкін еместігіне күмән қалады.

Бұл орайда, тараптардың бірінде шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқығы болған болса, бірақ ондай тарап шарттың жарамдылығын растайтын болса, онда ондай бас тартуды мәлімдей алмайтындығы туралы норма РФ АК-нің 450 бабының 5 тармағында көзделген. Бұл нормамен Ресейлік заң шығарушы қарама-қайшылықты мінез-құлыққа тыйым салады. Ол бір тараптың бас тартуға негізі бар, бірақ оны мәлімдемейтін, керісінше шарттың қолданылуын растайтын жағдайларға қатысты. Мысалы, егер бір тарап контрагенттен міндеттемені орындауды қабылдаса, бұл жағдайда сол негіздер бойынша кейіннен бас тартуға жол берілмейді.

---

<sup>80</sup> Карпетов А.Г. Основные тенденции правового регулирования расторжения нарушенного договора в зарубежном и российском праве. Докторская диссертация «М-логос» құқықтық ақпарат кешені - 2012. – электронды порталдағы құжат, [https://mlogos.ru/mlogos\\_publication/karapetov\\_ag\\_osnovnye\\_tendencii\\_pravovo\\_go\\_regulirovaniya\\_rastorgeniya\\_narushennogo\\_dogovora\\_v\\_zarubegnom\\_i\\_rossyskom\\_g\\_ragdanskom\\_prave\\_doktorskaya\\_dissertaciya/](https://mlogos.ru/mlogos_publication/karapetov_ag_osnovnye_tendencii_pravovo_go_regulirovaniya_rastorgeniya_narushennogo_dogovora_v_zarubegnom_i_rossyskom_g_ragdanskom_prave_doktorskaya_dissertaciya/)

## **Тұжырым Б**

Шартты орындаудан біржақты бас тарту институтының тәжірибедегі қолданысын зерттей келе, келесі тұжырымдар жасалды:

(1) Соттар шартты орындаудан біржақты бас тартудың негізділігін анықтау барысында, ҚР АҚ-нің ерекше бөлімімен көзделген шарттан бас тартудың арнайы негіздерін ескермейді, бұл өз кезегінде шарттан бас тартуға уәкілетті тұлғанның құқықтарының шектелуіне әкеледі;

(2) Заң нормаларымен құқықтық доктрина шартты орындаудан біржақты бас тартудың жалпы және арнайы алғышарттарын (негіздерін) қарастырады;

(3) Егер, заң талаптарымен тараптардың біріне шарттан бас тарту құқығы берілген болса, шартта шартты орындаудан біржақты бас тартуға тыйымды кездеу азаматтық құқықтарды шектеу болып табылады;

(4) ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 2-тармақшасымен көзделген шартты орындаудан біржақты бас тарту құқығы, шарт бойынша банкрот болып танылған тараптың контрагентімен қатар, банкрот деп танылған тарапқа да таралатын құқық болып табылады;

(5) Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламаның тиісті түрде рәсімделуі, ондай іс-әрекеттің заңдылығына әсер етеді. Хабарламаның тиісті рәсімделуін ерекшелейтін белгілер анықталды;

(6) Ауызша жасалған шарттардан бас тарту, мәміленің жалпы ережелеріне сәйкес хабарламаны ауызша жеткізу арқылы жүзеге асырылады;

(7) Шартты орындаудан біржақты бас тартудың негізгі салдары болып, сотың араласуын талап етпейтін шарттық қатынастардың өзгеруі мен тоқтатылуы табылады;

(8) Шартты орындаудан біржақты бас тарту тәсілімен шарттық қатынастардың тоқтатылу немесе өзгеру сәті, хабарламаны жолдау сәтімен анықталады;



## Қорытынды

Ұсынылып отырған ғылыми жұмыста біз, шартты орындаудан біржақты бас тарту құқықтық институтын, шарттық қатынастарды бұзудың және шарттық қатынастарды тоқтатудың ерекше негізі ретінде қарастырып, оның отандық тәжірибедегі қолданысы мен құқық қолдану барысында туындайтын қиыншылықтарды орнатуға талпындық. Аталған зерттеуді жүргізудің өзектілігін, шартты орындаудан біржақты бас тарту механизмі соттан тыс тәртіпте, біржақты құлықта жүзеге асырылатындығы болып табылды. Сонымен қатар, аталған институт отанымызда, магистрлік диссертация деңгейінде алғаш рет зерттеліп отырған мәселе болып табылады.

Зерттеу барысында, шартты орындаудан біржақты бас тартудың теориялық негізіне, яғни құқықтық табиғатын анықтауға көңіл бөле отырып, біз, шартты орындаудан біржақты бас тартудың тәжірибедегі негіздерін анықтап жүйелендіріп, құқық қолданысына талдау жасап, шетелдік заңнамамен ара-қатынасын орнатып, салыстырмалы зерттеу жүргіздік.

Біріншіден, шартты орындаудан біржақты бас тарту құбылысының анықтамасы мен жүзеге асыру қағидаларын анықтау барысында, біз шарттан бас тартуды шартты бұзу және өзгерту негізі ретінде қарастырдық. Зерттелген бірқатар сот тәжірибесіндегі істер мен сараланған шарт мәтіндері негізінде, отандық құқық қолданыста шартты орындаудан біржақты бас тарту және шартты бұзу институттарының бір-бірімен шатастырылып, әр уақытта да шарттық қатынастарды тоқтатудың тиісті, тиімді және дұрыс жолы қоладана бермейтіндігі анықталды. Мысалы, шартты орындаудан біржақты бас тарту арқылы шарттық қатынастарды тоқтату үшін тараптардың қосалқы шартты бұзу талабымен сотқа жүгінуі, соттардың аталған санаттағы істермен шамадан тыс жүктелуі мен тараптар үшін қосымша мемлекеттік баж салығын төлеу сияқты жағдайлар туындайды.

Екіншіден, шартты орындаудан біржақты бас тарту институты біржақты мәміле ретінде қарастырылды. Жұмыс барысында мәмілелер мен біржақты мәмілелердің белгілері мен, әр түрлі құқықтанушы ғалымдардың пікірлері ескерілді. Аталған бөлімнің тұжырымы ретінде, шартты орындаудан біржақты бас тарту, біржақты ерік білдіретін, нақты құқықтық салдардан тұратын біржақты мәміле болып табылатындығын пайымдадық. Сонымен бірге, шартты орындаудан біржақты бас тартуға ҚР АҚ-нің жалпы бөлімімен көзделген мәмілелер туралы жалпы ережелер қолдану қажеттілігі айқындалды.

Үшіншіден, шартты орындаудан біржақты бас тартудың азаматтық құқықтарды қорғау жүйесімен ара-қатынасы зерттеліп, шарттан бас

тартудың құқықтық табиғаты бойынша азаматтық құқықтарды қорғауда өзін-өзі қорғау тәсіліне жатқызылатындығы анықталды. Ал, шарттың қарама-қарсы тарабынан шарттың талаптарын бұзушылық орын алған жағдайда, шарттан бас тарту механизімі бұзылған құқықтарды қорғауда, жедел ықпал ету шарасы болып табылатындығы туралы тұжырымға келдік.

Сонымен бірге, сот тәжірибесін зерттеу барысында кейбір жағдайларда тараптар мен соттардың, заңнамада тараптардың біріне шарттан бас тартудың арнайы негізінің болуы ескерілмейтіндігі анықталды.

Төртіншіден, шартты орындаудан біржақты бас тартуды жүзеге асыру барысында сақталуы керек тәртіпке көңіл бөлініп, бас тартушы тұлғаның еркінің тиісті түрде рәсімделуіне қатысты тұжырымдар жасалды. Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламаның мазмұны құрастырылып, оны жолдау реті анықталды.

Жоғарыдағылардың негізінде, ҚР АҚ-нің 404-бабымен реттелетін шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық табиғаты, тәжірибелік қолданысы, жүзеге асыру негіздері мен отандық деңгейдегі шынайы көрінісі кешенді зерттеліп шықты. Кешенді зерттеу жүргізу барысында, шарттан бас тартуды реттейтін ҚР-ның азаматтық заңнамасымен көзделген нормаларды дұрыс емес түсіну, түсіндіру және қолану орын алатындығы анықталды.

Шартты орындаудан біржақты бас тарту құралы, заң шағарушы көздеген түрде, шарт тараптары үшін тиімді, соттар үшін аталған институттың жан-жақты дұрыс түсінуін қамтамасыз ететін ҚР-ның Жоғарғы сотының азаматтық және азаматтық істерді жүргізу заңнамасы санатында, «Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы ҚР АҚ-нің нормалырын қолданудың кейбір мәселелері туралы» (әрі қарай - Қаулы) нормативтік қаулысы шығарулы тиіс деп санаймыз.

Қаулы міндетті түрде оқырманға келесі тұжырымдарды жеткізетін тармақтарды қамтуы тиіс:

1. Шартты орындаудан біржақты бас тарту мен шартты бұзу, шарттық қатынастарды тоқтатудың әр түрлі тәртібін қамтитын негіздері. Шартты орындаудан біржақты бас тарту соттың және шарттың екінші тарабының араласуынсыз жүзеге асырылатын іс-әрекет;

2. Шартты орындаудан біржақты бас тарту мәміле деп танулуы себебінен, оған АҚ-тің мәмілеге қатысты жалпы нормалары қолданылады. Шарттан бас тарту іс-әрекеті дауланғанда, оған мәміленің маңыссыздығы және жарамсыздығы туралы нормаларды қолданған жөн.

3. Соттар шартты орындаудан біржақты бас тартудың негізділігін анықтау барысында, ҚР АҚ-нің ерекше бөлімімен көзделген шарттан бас тартудың арнайы негіздерін ескеру қажеттілігі туралы;

4. ҚР АҚ-нің 404-бабының 2-тармағының 2-тармақшасымен көзделген шартты орындаудан біржақты бас тарту құқығы, шарт бойынша банкрот болып танылған тараптың контрагентімен қатар, банкрот деп танылған тарапқа да таралатын құқық болып табылады

5. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың заңдылығына әсер ететін хабарламаны рәсімдеу және жолдау ережелері (Диссертацияның 2.2. бөлімінде баяндалған);

6. Шартты орындаудан біржақты бас тарту тәсілімен шарттық қатынастардың тоқтатылу немесе өзгеру сәті, хабарламаны жолдау сәтімен анықталады.

7. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың негізгі салдары болып, сотың араласуын талап етпейтін шарттық қатынастарды өзгеруі мен тоқтатылуы табылады.

Шартты орындаудан біржақты бас тарту мәселелері отандық заңнамада жеткілікті дәрежеде реттелгенімен, зерттеу нәтижесінде, нақты жағдайларда, шарттан бас тартуды іс жүзінде іске асыру экономиканың тұрақтылығына кері әсер ететін, реттелмеген бір қатар мәселелер мен түсініспеушіліктерге ие екендігі анықталды. Сонымен қатар, бұрын-соңды шарттан бас тарту мәселелері отандық ғылыми жұмыстарда жарық көрмегендігі, туындайтын қарама-қайшылықтардың даулы болып қала беретіндігінің дәлелі.

Біз, магистрлік диссертация аясында шартты орындаудан біржақты бас тартудың құқықтық табиғаты мен тәжірибедегі жалпы көрінісін анықтауға талпынып, бүгінгі күні орын алып отырған проблемалық тұстарына шолу жасап, шешу жолдарын ұсындық. Алайда, шарттан бас тарту институты шарттық қатынастарды тоқтатудың ерекше және ауқымды негізі болып табылу себебімен, әлі де ондай бас тартудың негіздерінің, тәртібінің егжей-тегжейлі зерттеуін талап ететін құқықтық құбылыс болып табылады.

## ПАЙДАЛЫНЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

### А) Ғылыми еңбектер

- Абросимова Е.А., Белов В.А., Пугинский Б.И. жалпы редакциясы. Коммерческое право 6-е издание. Учебник для вузов. – Москва: Юрайт басылымы, 2021.- 341 бет;

- Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Общие положения.- Москва: Статут басылымы, 2001.-249 бет, - электронды порталдағы құжат, [https://private-right.ru/wp-content/uploads/Dogovornoe\\_pravo\\_T1.pdf](https://private-right.ru/wp-content/uploads/Dogovornoe_pravo_T1.pdf) ;

- Егорова М.А. Односторонний отказ от исполнения гражданско-правового договора. 2-ші басылым.- Москва: «Статут» басылымы, 2010 – 6 бет;

- Карапетов А.Г. Договорное и обязательственное право (общая часть): постатейный комментарий к статьям 307-453 Гражданского кодекса Российской Федерации. – Москва: М-Логос басылымы, 2018.-15 бет;

- Карапетов А.Г. Сделки, представительство, Исковая давность: постатейный комментарий к статьям 153-208 Гражданского кодекса Российской Федерации. – Москва: «М-Логос» басылымы, 2017. -1081 бет;

- Карапетов А.Г. Основные тенденции правового регулирования расторжения нарушенного договора в зарубежном и российском праве. Докторская диссертация «М-логос» құқықтық ақпарат кешені -2012. Электронды құжат, [https://m-logos.ru/mlogos\\_publication/karapetov\\_ag\\_osnovnye\\_tendencii\\_pravovogo\\_regulirovaniya\\_rastorgeniya\\_narushennogo\\_dogovora\\_v\\_zarubegnom\\_i\\_rossyskom\\_gragdanskom\\_prave\\_doktorskaya\\_dissertaciya/](https://m-logos.ru/mlogos_publication/karapetov_ag_osnovnye_tendencii_pravovogo_regulirovaniya_rastorgeniya_narushennogo_dogovora_v_zarubegnom_i_rossyskom_gragdanskom_prave_doktorskaya_dissertaciya/) ;

- Сүлейменов М.К., Ю.Г.Басин редакциясы. Комментарий к гражданскому кодексу Республики Казахстан (общая часть).- электронды порталдағы құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1019750&pos=1;-92#pos=1;-92](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750&pos=1;-92#pos=1;-92;) ;

- Сүлейменов М.К. Юридические факты в гражданском праве: проблемы теории и практики // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені – 2015. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33796397&pos=83;-46#pos=83;-46](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33796397&pos=83;-46#pos=83;-46) ;

- Суханов Е.А. Российское гражданское право. Учебник: в 2 т. Т. I: общая часть. – Москва: Статут басылымы, 2011. - 338 бет;

- Суханов Е.А. Гражданское право. Учебник: в 4 т. – Москва: Статут басылымы, 2019. - 508 бет;

- Суханов Е.А. Осуществление и защита гражданских прав. (Классика российской цивилистики) – Москва: Статут басылымы, 2011., электронды құжат, [http://civil.consultant.ru/elib/books/1/page\\_15.html](http://civil.consultant.ru/elib/books/1/page_15.html) ;

## Ә) Мақалалар

- Безик К.С. Порядок одностороннего отказа от исполнения договора // Сибирский юридический вестник. 2008.- 39-43 беттер, - электронды порталдағы құжат, <https://cyberleninka.ru/article/n/poryadok-odnostoronnego-otkaza-ot-ispolneniya-dogovora> ;

- Егоров Ю.П. Класификация сделок как отражение их правовой природы // Цивилистическая практика. № 4 (25). 2007.- 28-47 беттер, электронды порталдағы құжат, <http://www.civilista.ru/articles.php?id=41> ;

- Шортабай К.А. Шартты едәуір дәрежеде бұзудың негізгі белгілерін анықтау // Science and education in the modern world: challenges of the XXI century. 2021. – 57 – 61 беттер;

- Москаленко А. Односторонние сделки как основания возникновения обязательств «Параграф» құқықтық ақпарат кешені – 2017. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32706346&pos=5;-111#pos=5;-111](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32706346&pos=5;-111#pos=5;-111) ;

- Мукашева К.В. Отказ от договора // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені –2006. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30052194](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30052194) ;

- Сүлейменов М.К. Юридические факты в гражданском праве: проблемы теории и практики // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені – 2015. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33796397&pos=83;-46#pos=83;-46](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33796397&pos=83;-46#pos=83;-46) ;

- Попов И.В. К вопросу об отказе от исполнения договора// Практика применения общих положений об обязательствах: Сборник статей. 2011. – 318-330 беттер, - электронды порталдағы құжат, <https://siblu.ru/sites/default/files/employees/popov-gp-09.pdf> ;

- Сүлейменов М.К. Ответственность в гражданском праве // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені – 2006. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30070848&pos=3;-54#pos=3;-54](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30070848&pos=3;-54#pos=3;-54) ;

- Сүлейменов М.К. Защита гражданских прав по законодательству Республики Казахстан // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені – 2004. Электронды құжат, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39427980&pos=6;-111#pos=6;-111](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39427980&pos=6;-111#pos=6;-111) ;

- Шортабай К.А. Шартты едәуір дәрежеде бұзудың негізгі белгілерін анықтау // Science and education in the modern world: challenges of the XXI century. 2021. – 57 – 61 беттер;

- Шортабай К. А. Шартты бұзу және шартты орындаудан біржақты бас тартудың ерекшеліктері // International scientific journal «Global science and innovations 2022: central asia».2022. - 46 бет;

## **Б) Нормативтік құқықтық актілер**

- Грузия мемлекетінің 1997 жылдың 26 маусымындағы № 786 Азаматтық кодексі // «Законодательный Вестник Грузии» құқытық-ақпараттық жүйесі, <https://matsne.gov.ge/ru/document/view/31702?publication=117> ;

- Еуропа экономикалық одағының 1993 жылғы 5 сәуіріндегі «Тұтынушылармен жасалған шарттардағы әділетсіз жағдайлар туралы директивасы» // «Кафедра интеграционного и европейского права МГЮА» электронды порталы, <https://eulaw.edu.ru/spisok-dokumentov-po-pravuv-evropejskogo-soyuza/dokumenty-o-pravah-cheloveka-i-grazhdanina/normativnye-akty-o-svobode-peredvizheniya-tovarov-lits-i-uslug/direktiva-soveta-ot-5-aprelya-1993-g-o-nespravedlivyh-usloviyah-v-dogovorah-s-potrebiteleyami-93-13-ees-perevod-a-o-chetverikova> ;

- Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII Азаматтық кодексі (жалып бөлім) // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> ;

- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V «Оңалту және банкроттық туралы» заңы // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176> ;

- Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V «Құқықтық актілер туралы» заңы // «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> ;

- Молодва Республикасының 2002 жылдың 6 маусымындағы № 1107-XV Азаматтық кодексі // «Параграф» құқықтық ақпарат кешені, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30397878&pos=3;-92#pos=3;-92](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30397878&pos=3;-92#pos=3;-92) ;

## **В) Сот тәжірибесі**

- Астана қаласының МАЭС-ның 2018 жылдың 5 қаңтарындағы № 7119-17-00-2/1 5044 ісі бойынша шешімі,

<https://bestprofi.com/document/192382498877&section=1923825024&fs=444028521> ;

- Ақтау қаласының МАЭС-ның 2018 жылдың 31 қаңтарындағы № 4712-17-00-2/2904 ісі бойынша шешімі,

<https://bestprofi.com/document/196253015770&section=1962530181&fs=444028522> ;

- Алматы қаласының Алатау аудандық сотының 2018 жылғы 24 қаңтардағы № 7575-17-00-2/7952 ісі бойынша шешімі,

<https://bestprofi.com/document/196057444870&section=1960574494&fs=444028522> ;

- Алматы қалалық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасының 2020 жылғы 10 шілдесіндегі № 7599-20-00-2а/5176 ісі бойынша қаулысы,

<https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/83a3082e-f8e6-4df4-b7da-20cdb7ad6b7f?document=0f48aa8d-a25e-4159-9c9c-660cd4e49a9b> ;

- Алматы қаласының МАЭС-ның 2017 жылдың 12 қазанындағы № 7527-17-00-2/9030 ісі бойынша шешімі,

<https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/5de7d7a5-7e52-42dd-b8e8-fad1b0a0369d?document=988550aa-b082-43a3-9612-0328a563f9cd> ;

- Ақмола облысының МАЭС-ның 2017 жылдың 21 қарашасындағы № 1112-17-00-2/2813 ісі бойынша шешімі,

<https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/5db0051c-e90b-43f7-b42d-67f68595d015?document=3ecda127-17d5-4b19-8d84-b3af30ec2912> ;

- Атырау облысы Жылой аудандық сотының 2019 жылдың 23 желтоқсанындағы № 2336-19-00-2/1064 ісі бойынша шешімі,

<https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/ae6dc8ce-da96-485f-be96-6e8938e99a32?document=edd04c7f-4783-4121-868e-3e6cfcb5b461> ;

- Астана қаласының МАЭС-ның 2018 жылдың 5 ақпанындағы № 7119-17-00-2/17248 ісі бойынша шешімі,

<https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/57e87876-3b7d-4164-b92b-fb92c7dd3e0c?document=ea6cc619-d842-4b84-9acd-ff570ea90e12> ;

- Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасының 2021 жылғы 2 тамызындағы № 3599-21-00-2а/2150 ісі бойынша қаулысы,

<https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/c3749a87-a907-4dcc-aa49-e0ef8408b019?document=85a3ac2c-6c59-4114-b063-e78d62b45366> ;

- Қарағанды қаласының Қазыбекби ауданының аудандық сотының 2016 жылдың 3 тамызындағы № 2/6105 ісі бойынша шешімі,

<https://bestprofi.com/document/1555607195724&section=1555607307&fs=444028525> ;

- Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасының 2021 жылғы 28 қыркүйегіндегі № 4799-21-00-2А/985 ісі бойынша

қаулысы, <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/c6014d43-d8c3-4e77-8bf4-5cf7b5734123?document=f2b24822-8e91-4ec3-a01d-5bebae35f1ae> ;

- Маңғыстау облысының МАЭС-ның 2012 жылдың 11 қыркүйегіндегі № 2-1129/3-2012 ісі бойынша шешімі, <https://bestprofi.com/document/448940550?22&section=448940553&fs=444028525> ;

- Нұр-Сұлтан қаласының Алматы аудандық сотының 2021 жылғы 26 наурызындағы № 7111-21-00-2/612 ісі бойынша шешімі, <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/3b08028c-7ff7-476a-88a7-5ee7135ec78e?document=39c44872-d73a-4dbc-9820-8bfc594795f1> ;

- Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-ның 2021 жылдың 2 қарашасындағы № 7119-21-00-2/9615 ісі бойынша шешімі, <https://bestprofi.com/document/2629530752?12&section=2635064305&fs=444028526> ;

- Павлодар облысының МАЭС-ның 2018 жылдың 28 наурызындағы № 5501-18-00-2/183 ісі бойынша шешімі, <https://sudebnik.bestprofi.com/document/view/308e8436-5e8e-462b-b061-6aac30fe4057?document=e85f9aef-817d-4134-b2cb-c4e1a53b0a14> ;

- Павлодар облысының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2012 жылдың 24 қыркүйегіндегі № 3А-1643/2012 ісі бойынша шешімі, <https://bestprofi.com/document/506912457?23&section=506912665&fs=444028525> .